


## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «АЛТЫН САПА» ЖӘНЕ «ПАРЫЗ» СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



### АЛТЫН САПА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ СЫЙЛЫҒЫ

Президент «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсіміне қатысты. Мемлекет басшысы бұл конкурстың дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқанын атап өтіп, 2005 жылдан бері шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі үш есе өскенін және қазір ел экономикасының 34 пайызына жуықтағанын айтты. – Бүгінде осы салада 3,5 миллионнан астам адам жұмыс істейді. Бұл – еңбек ететін халықтың 40 пайызы деген сөз. Тағы бір жетістік: былтыр өңдеу өнеркәсібінің экспорты рекордтық көрсеткішке – жиырма миллиард долларға жетті. Осы жылдың соңына дейін жалпы құны 2 триллион теңге болатын 160 жоба жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде 17 мың жаңа жұмыс орны ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент алдағы жеті жылда кәсіпкерлік белсенділікті шектейтін барлық кедергіні жоюға күш салынатынын айтып, бизнесті өркендету үшін нақты шаралар қабылдана беретініне тоқталды. – Бизнесті реттеудің жаңа тәсілдері. Басынан бастап реттеу институтын енгізуге бір жыл қалды. Үкімет бизнестің дамуына кедергі келтіретін артық талаптарды анықтау жөнінде ауқымды жұмыс жүргізді. Экономиканың түрлі саласында жаңа реттеу саясатына сай келмейтін 6,5 мыңнан астам талап анықталды. Енді Үкімет «Атамекен» палатасымен бірлесіп, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістерді жедел енгізуі керек. 2024 жылдың басынан бастап жаңа тәсілдерге іс жүзінде көшуіміз қажет, – деді Президент. Мемлекет басшысының айтуынша, бизнесті негізсіз және шектен тыс бақылауға, қылмыстық қудалауға жол беруге болмайды. Кәсіпкерлерді негізсіз тексерулерден қорғауға, қылмыстық процеске заңсыз тартуды болдырмауға бағытталған кешенді шаралар қазірден бастап қолға алынып жатыр. – Биыл 6 мыңнан астам кәсіпкер жалпы құны шамамен 700 миллион теңге болатын заңсыз айыппұлдан босатылды. Заңсыз салынған 1200 тыйым салу және шектеу шараларының күші жойылды. Кәсіпкерлерге қатысты заңсыз іс-әрекетті үшін мыңнан аса лауазымды тұлға жауапқа тартылғанын атап өткен жөн. Әрбір алтыншы іс қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмауына байланысты тоқтатылды. Биылдан бастап азаматтық тәртіп негізінде шағымданудың барлық мүмкіндігі пайдаланбайынша, қылмыстық іс қозғауға тыйым салынды. Сонымен қатар өткен жылдардың оң нәтижесіне сүйене отырып, ұсақ және шағын бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийді тағы бір жылға созу жөнінде шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа қол қойылды, – деді Мемлекет басшысы. Президент елімізде шынайы индустрияландыру үшін қолайлы орта қалыптастыру ісі дәйекті түрде жүргізіліп жатқанын атап өтіп, «Өнеркәсіптік саясат туралы» арнайы заң қабылданғанын жеткізді. Оның айтуынша, бұл құжат жоғары және орташа өңдеу деңгейіндегі өнім өндірушілерге кең көлемде қолдау шараларын ұсынады. Алайда заңның кейбір нормаларының қолданысы әлі күнге дейін «кібіртіктеп тұр». – Қазақстандық өндірушілер отандық шикізаттың қолжетімді емес екеніне жиі шағымданады. Ірі тау-кен, металлургия кәсіпорындары

өңделген өнім шығарғаннан гөрі ресурсты сыртқа тасығанды қолайлы көреді. Қазақстандық өңдеу өнеркәсібіне шикізат қолжетімділігі төмен. Бұл кабель өнімдері, аккумулятор, алюминий бұйымдар мен басқа да жоғары өңдеу деңгейіндегі тауарларға қатысты. Үкімет әрбір арыз-шағымды қарастырып, қажетті жүйелі шараларды қабылдағаны жөн. Қайталап айтамын, уақытша емес, жүйелі шаралар керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент агробизнес экономикалық дамудың тағы бір қозғаушы күшіне айналуға тиіс екенін атап өтіп, оның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азық-түлік инфляциясы үшін стратегиялық маңызы бар сала екеніне тоқталды. Сондай-ақ күзгі жиын-терін науқанын сәтті аяқтаған шаруаларға ризашылығын білдірді. – Фермерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсету міндетті түрде жалғасын табады. Осы жылдан бастап ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдікпен лизингке алу үшін берілетін қаржының көлемі 40 миллиард теңгеге көбейді. Соның арқасында диқандарымыз бір мыңнан астам қосымша техника алу мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ егін егу және оны жинау жұмыстарына жеңілдікпен несие беру көлемі екі есе артты. Ал диқандарға жеңілдікпен берілетін жанар-жағармай өнімдерінің көлемі 820 мың тоннаға дейін өсті. 2023 жылдан бастап көкөніс өнімдерін шығару үшін фермерлерге алдын ала, яғни форвардтық несие беру бағдарламасы іске қосылады. Осы мақсатқа шамамен 100 миллиард теңге қаржы бөлінеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл халқының әл-ауқатын арттыру және тұрмыс сапасын жақсарту өзінің сайлауалды бағдарламасында көрсетілген негізгі басымдықтың бірі екенін жеткізді. Сондықтан келесі жылдың алғашқы тоқсанында Ауылдық жерлерді дамыту жөніндегі тұжырымдама қабылданады. Сонымен қатар Президент келесі жылдан бастап «Парыз» байқауының жеңімпаздарын анықтау кезінде қосымша талаптар болатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл – ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін қолжетімді орта қалыптастыруға үлес қосу. Бұл – мемлекетіміз бен бизнестің азаматтарымыз алдындағы ортақ борышы. Жиын соңында Мемлекет басшысы «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларының жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттады. «Алтын сапа» сыйлығының «Үздік индустриялық жоба» номинациясы бойынша Павлодар облысының «Проммашкомплект» кәсіпорны, «Үздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша Алматы облысының «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорны жеңімпаз атанды. «Парыз» сыйлығының шағын және орта бизнес иелері арасындағы Гран-при жүлдесі Ақмола облысының «Шуйское-XXI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, ал ірі бизнес иелері арасындағы Гран-при жүлдесі Атырау облысының «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» кәсіпорнына табысталды. Сонымен қатар бизнеске қолайлы жағдай жасалған «Үздік өңір» санаты бойынша арнайы сыйлыққа Шымкент қаласының әкімдігі, «Үздік аудан» санаты бойынша арнайы сыйлыққа Сәтбаев қаласының әкімдігі ие болды.

Akorda.kz

## АЙДАРБЕК СЕЙПІЛҰЛЫ САПАРОВ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Ол осы тағайындауға дейін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі қызметін атқарды. Облыстық мәслихат депутаттары А.С.Сапаровтың кандидатурасын бірауыздан мақұлдады. Дауыс беру нәтижесі бойынша 153 депутаттың 118-і А.С.Сапаровтың кандидатурасына дауыс берді, 35 депутат Р.Ә.Аңбаевты таңдады.

Айдарбек Сейпілұлы Сапаров 1966 жылы 12 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Красное ауылында туған.

Білімі:

- 1984 ж. – бухгалтерлік мектеп.
- 1992 ж. – Омбы ауыл шаруашылығы институты зоотехника факультетін зооинженер мамандығы бойынша бітірген.
- 2006 ж. - М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің мемлекеттік және жергілікті басқару факультетін «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы:

- 1984 ж. – кеңшар бухгалтері.
- 1992-1995 жж. – Калинин атындағы ҚС таратушы зоотехнигі, коммерциялық директоры.
- 1995-2003 жж. – «Ноғайбай» ЖШС директоры, бас директоры.
- 2003-2005 жж. – «Азық-түлік корпорациясы АҚ» Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі директорының орынбасары.
- 2005-2006 жж. – «Азық-түлік корпорациясы АҚ» Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі директорының бірінші орынбасары..
- 2006 ж. – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша облыстық аймақтық басқармасының бастығы.
- 2006-2008 жж. – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімі.
- 2008-2010 жж. – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының әкімі.
- 2010-2011 жж. – Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары.
- 2001-2019 жж. – Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары.
- 2019-2022 – Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі.

Мемлекеттік наградалары: «Құрмет», «Парасат» ордендері.

Баспасөз – 2023 Баспасөз – 2023  
ӘР ШАҢЫРАҚҚА – «ТАЙЫНША ТАҢЫ» газеті!

Құрметті біздің газет оқырмандары!

«Тайынша таңы – әр шаңыраққа!» деген бастамамызды қолдауға шақырамыз. Сіздерге үлкен сенім арттамыз. Бұл орайда, ең бірінші ел ағалары мен зиялы қауым өкілдеріне, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерге, жалпы қалың қазақ еліне сеніп отырмыз. Сіздерге 2023 жылы жарық көретін газеттің бірінші жартыжылдығына жазылу маусымы жүріп жатқанын хабарлаймыз. Қала тұрғындары үшін газетке 6 айға жазылу құны – 780 теңге, ауыл тұрғындары үшін – 870 теңге.

Газетке жазылу барысында сұрақтар туындайтын болса, редакциямызға 21999, 23696 телефоны арқылы хабарласыңыздар.

## АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

«АМАНАТ» партиясының аудандық филиалында Тайынша ауданының әкімі Б.Әлжановтың қатысуымен, аудандық мәслихат хатшысы С.Бекшеновтің төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың (жетінші шақырылымы) кезектен тыс жиырмамыншы сессиясы өтті.

Сондай-ақ сессия жұмысына экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Сәрсембаев, Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Ж.Сағатов, ауылдық округтердің әкімдері, БАҚ өкілдері қатысты. Сессия Aitube платформасы арқылы тікелей эфирде көрсетілді.

Аудандық мәслихаттың 20-сессиясында 15 мәселе қарастырылып, оның 12-сі ҚР Бюджеттік кодексінің және ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының баптарына сәйкес, ауылдық округтердің 2022-2024 жылдарға арналған бюджетін нақтылауға қатысты болды. Тайынша ауданы мәслихатының шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды 12 ауылдық округтің әкімдері кезекпен атап шықты. Баяндамашылардың айтуынша, бюджеттің кіріс және шығыс бөлігіндегі түзетулер ауылдық округтердің бюджетін нақтылаудың көзі болып табылады. Әрбір ауылдық округте бос қаражат қалдықтарын ауылдық елді мекендердегі түрлі қажеттіліктерге жұмсауды жоспарлауда: абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау, жарықтандыру, коммуналдық төлемдерді төлеу, электр жарығына төлеу, ауыл ішіндегі жолдарға қыста күтім жасау және басқалары.

Өз кезегінде депутаттар Тайынша ауданы әкімдігінің, Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі ведомстваралық комиссияның персоналды құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселелерді қарастырды. Барлық сұрақтар бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

## «АДАЛ ҰРПАҚ» СЛЕТІ ӨТТІ

Слетке Петропавл қаласының 36 білім беру ұйымының «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының 100-ден астам өкілі жиналды.

Қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Ракишеваның айтуынша, облыс орталығындағы барлық мектептердің 700-ден астам оқушысы клуб жұмысына белсенді қатысуда. Осы балалардың бастамасы бойынша оқу жылы ішінде балалардың еңбекке, әділдікке және адалдыққа деген сүйіспеншілігін оятуға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар өткізіледі.

Слет қатысушыларына арнаған сөзінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов өз халқын білімді, дамыған және тәуелсіз көруді армандаған белгілі қазақ жазушысы Абай Құнанбаевтың сөздерін келтірді.

«Адал ұрпақ» ерікті клубтарының қызметі өз алдына жауапты, бастамашыл және еңбекқор азамат пен патриотты құру сияқты мақсаттар қояды. Әр оқушы еңбекқорлықсыз сұранысқа ие мамандар болмайтынын жақсы түсінуі керек. Өз кезегінде барлық ата-аналар мен мұғалімдер балаларға лайықты үлгі көрсетіп, оларға ең жақсы қасиеттерді алуға көмектесулері керек», - деп атап өтті Айдос Жүнісов. Шара соңында клуб мүшелерін жаңа оқушылармен толықтыру рәсімі өтті.

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің Баспасөз қызметі.**

## ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАРДЫ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қате төленген әлеуметтік аударымдарды қалай қайтаруға болады?

2005 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны болып табылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді.

Бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандырумен елімізде шамамен 6,7 млн. адам қамтылған. Жыл сайын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) 1 млн. аса азамат әлеуметтік төлем алады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ынтымақтастық қағидаттарына негізделген, яғни әлеуметтік аударымдар барлық жұмыс істейтін азаматтар үшін төленеді, ал төлемдерді тек әлеуметтік тәуекел туындаған адамдар ғана алады.

Жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен қызметкердің табысының 3,5% мөлшерінде МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар төлейді. Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік аударымдарды өз пайдасына алатын табысының 3,5% мөлшерінде төлейді.

Бұл ретте, әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, ол жұмыс берушілердің қаржысы есебінен төленеді.

Егер төлеуші МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдарды қате аударса немесе артық төлесе, онда бұл қаражат қайтарылуға жатады.

Ол үшін төлеуші «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына (Мемлекеттік корпорация) өтініспен жүгінуі және қажетті құжаттарды қоса беруі қажет. Құжаттар тізбесі өтініш нысанында көрсетілген, олар әлеуметтік аударымдарды төлеу кезінде жіберілген қатенің түріне байланысты қоса берілуі тиіс.

Өтініш формасын [gfss.kz](http://gfss.kz) сайтынан «Әлеуметтік аударымдар/және (немесе) артық (қате) төленген өсімпұлдарды қайтару» бөлімінен жүктеп алуға болады.

Мемлекеттік корпорация мынадай себептермен:

- 1) егер әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды есептеу фактісі расталмаса;
- 2) төлеушінің өтініші бекітілген нысанға сәйкес келмесе;
- 3) төлеушінің өтінішінде қайтарудың себебі дұрыс көрсетілмесе (бірнеше себеп көрсетілсе) өтінішті қабылдамауы және қайтаруы мүмкін.

Қабылданған өтініштер бойынша Мемлекеттік корпорация 5 операциялық күн ішінде әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды есепке алу фактісін тексереді және осы төлем бойынша барлық деректемелерді растауды қоса бере отырып, құжаттарды МӘСҚ-ға жібереді.

МӘСҚ төлеушінің өтініші келіп түскен күннен бастап 7 операциялық күн ішінде кейіннен оларды төлеушіге аудару үшін Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына ақша аударуды жүзеге асырады.

Алайда, сұралған әлеуметтік аударымдардың сомалары кейде қайтарылуға жатпайды. Мысалы, егер әлеуметтік аударымдар МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде жүйеге қатысу өтіліне есепке алынған кезең үшін есептелген болса немесе төлеушінің өтінішінде көрсетілген қайтару себебі расталмаса, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары қайтарылмайды.

Мұндай жағдайларда МӘСҚ Мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұлдар сомаларын қайтарудан бас тарту себептері туралы ақпаратты береді. Мемлекеттік корпорация өз кезегінде бұл ақпаратты хабарлама жіберу арқылы төлеушіге жеткізеді.

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры А.С. Жүнісов.**

## DATA MATRIX КОДЫМЕН ТАҢБАЛАНҒАН АЯҚ КИІМДІ РЕСЕЙГЕ ЭКСПОРТТАЙ АЛАДЫ



Қазақстандық компания қазақстандық Data Matrix кодымен таңбаланған аяқ киім бұйымдарын Ресей Федерациясына экспорттады, олар РФ-ның тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесінде танылды және айналымға енгізілді. ЕАЭО елдеріне экспорт бойынша құжат-хабарлама 2022 жылғы 14 қарашада ресімделді және 2022 жылғы 17 қарашада Ресей Федерациясында сәтті қабылданды.

Бұл ЕАЭО елдерінде тауарларды трансшекаралық өткізу схемасына сәйкес қазақстандық кодпен таңбаланған аяқ киім экспортының бірінші жағдайы. Естеріңізге сала кетейік, Ресей Федерациясында аяқ киімді таңбалау және қадағалау 2020 жылғы 1 шілдеден бастап міндетті болып табылады және таңбаланбаған аяқ киімнің айналымына тыйым салынды. Елдер арасындағы өзара танылған таңбалау кодтары барлық қазақстандық аяқ киім өндірушілерге және экспорттаушыларға Ресейде цифрлық таңбалауға жұмсалатын қосымша шығындарсыз, тек қазақстандық Data Matrix кодымен таңбалаумен шектеле отырып, Ресей Федерациясының аумағында таңбаланған өнімдерді айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Болашақта Беларусь Республикасымен қазақстандық аяқ киімді таңбалау кодтарын тануды енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ бұл функция ЕАЭО шешімдерімен реттелетін дәрілік заттар санаты үшін де қолданылатын болады, алайда ЕЭК-те бұл норманы енгізудің нақты күні әлі қабылданған жоқ. Таңбалау кодтарын өзара тану сондай-ақ Қазақстанның аяқ киім кәсіпкерлері арасында экспортты дамытуға мүмкіндіктер берді. Бұған дейін экспорт үшін ЕАЭО елдерінің таңбалау жүйелері интеграцияланбағаны және басқа елдердің кодтарын мойындамағаны тежеуші фактор болды. Қазіргі таңда таңбалау кодтарын тану функциясының арқасында кедергісіз трансшекаралық сауда дамуда және қазақстандық кәсіпкерлер үшін мүмкіндіктер ашылууда. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда аяқ киім бұйымдарын міндетті түрде таңбалау 2021 жылғы 1 қарашадан бастап енгізілді. 2022 жылдың 28 қарашасынан бастап ЕАЭО кодтарын өзара тануға байланысты ресейлік деректер матрицалық кодымен таңбаланған аяқ киім өнімдерін Қазақстанға әкелу және айналымға шығару тәсілі жеңілдетілді. Тауарды таңбалау кодтарын танудың жаңа тәсілі келесідей жұмыс істейді: Ресей Федерациясындағы тауар айналымына қатысушы, өндіруші, импорттаушы немесе дистрибьютор болсын, Ресей Федерациясының тауарларын таңбалау жүйесінде жөнелту үшін құжат жасайды, осы жерде ол ЕАЭО елдері, Қазақстанның импорттаушының деректерін, атап айтқанда ұйымның атауын, ЖСН/БСН және ел туралы ақпарат енгізеді. Одан әрі жөнелту құжатындағы деректер тауарларды таңбалау мен қадағалаудың қазақстандық жүйесіне автоматты түрде түседі, ал тауар туралы ақпарат тауарлардың ұлттық каталогына түседі. Осы мәліметтер негізінде қазақстандық импорттаушы тауарды қабылдап, оны Қазақстан аумағында тауар айналымына шығарады. Айта кету керек, бұрын таңбалау кодтарын тану уақытша схема бойынша жүргізілсе, қазір танудың жаңа әдісі қазақстандық импорттаушылар үшін ресурстарды үнемдеуге және олардың жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Қазақстанның бірыңғай таңбалау операторы осы әдіс бойынша барлық мүдделі импорттаушылар үшін оқыту семинарын өткізеді. Естеріңізге сала кетейік, Ресей Федерациясында аяқ киімді таңбалау және қадағалау 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап міндетті болып табылады және таңбаланбаған аяқ киім тауар айналымына тыйым салынды. Елдер арасындағы өзара танылған таңбалау кодтары барлық қазақстандық аяқ киім импорттаушыларына ресейлік таңбалау кодтарымен таңбаланған өнімді Қазақстандағы айналымға шығаруға мүмкіндік береді.

**Алтынғұл ЖАҢАБАЙ,**  
Баспасөз қызметінің хатшысы.  
[altyngul.zhanabay@digitaleconomy.kz](mailto:altyngul.zhanabay@digitaleconomy.kz)

## БАЛАНЫҢ ТУУЫН ТІРКЕУ



Балалы болу-әр адамның өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі. Ата-аналар әртүрлі мәселелерді, соның ішінде заңды мәселелерді шешуі керек. Ең бастысы-туу туралы куәлікті алу. Мұны Халыққа қызмет көрсету орталығына, порталға барған кезде ыңғайлы тәсілдердің бірі арқылы жасауға болады. Egov.kz сондай-ақ, баланың тууын қашықтан тіркеуге өтініш беруге мүмкіндік беретін проактивті қызмет ыңғайлы. Бұл формат клиенттерге SMS көмегімен ХҚКО-ға бармай-ақ қызметті бірден ресімдеуге мүмкіндік береді. Қызметті пайдалану үшін мобильді азаматтар базасында (БМГ) тіркелу қажет. Қызмет мүлдем тегін, тек телефон нөмірінде оң теңгерім болуы керек. Бала туылғаннан кейін бір тәулік ішінде ақпараттық жүйе медициналық мекемеден хабарлама алып, Сізге қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты кезең-кезеңімен сұратып құттықтау SMS жібереді. Қызмет сәттен бастап 3 күн ішінде ғана белсенді болады бала туу. Қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтер әртүрлі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен тартылады, ал жетіспейтіндер баланың анасынан толтырудың қысқаша мысалдарын қамтитын СМС-сұрау салулар арқылы сұратылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі.

# ДЕНСАУЛЫҚ – СҰЛУЛЫҚ КЕПІЛІ

Қыз-келіншектердің өн бойында адамдардың назарын өзіне бірден аударатыны шашы мен жанары. Әсіресе, ығынан төгілген қолаң шашы, қос бұрымы, әдемі өрілген, таралған, әсемделген шашы ер азаматтарға ерекше әсер етеді. Осыған орай мамандардың шаш күтімі жөніндегі біраз кеңестерін жариялап отырмыз:

Шашты жуғанда бір ғана ережені ұстаныңыз: сусабынды (шампунь) мейлінше аз қолдануға тырысыңыз. Көп жаққан жағдайда шашқа артық салмақ түсіп, құрғатып жібереді. Шаштарыздан кеңес: 1 шай қасық сусабынды 1 стакан суда араластырып жағыңыз. Сусабынды шаштың барлық ұзындығына құймаңыз. Оны тек шаштың түбіне жақсаңыз болғаны. Жуған кезде сусабынның көпіршігі соңына қарай ағады. Бұл оларды жуу үшін жеткілікті. Сусабынды жылы сумен кетіру қажет. Өйткені ыстық су шашты құрғатып, қайызғақтардың пайда болуына әсер етеді. Содан кейін барып бальзам-шайғышпен шайыңыз.

Бальзам-шайғыштар немесе кондиционерлер шашқа жұмсақтық пен олардың жақсы таралуын қамтамасыз етеді. Оларды тиімді қолдануға тырысыңыз. Әр жуған сайын бальзамды массаждап шашқа жағып, 3 минутқа қалдырыңыз. Содан кейін жақсылап шайыңыз. 3 минуттан артық уақытқа қалдырып қажеті жоқ. Өйткені бальзам шашқа сіңбейді, тек сыртқы келбетіне әсер етеді.

Шаштарың жарнамадағы жұлдыздардың шаштарындай жарқырап тұрсын десеңіз, жуып, шайып болғаннан кейін шашты минералды сумен шайып жіберу қажет. Олар шашты біраз жұмсартып, жылтырауына көмектеседі және құнды минералдармен қамтамасыздандырады.

Шашқа арналған маскалар қоректік заттарға бай. Оларды шашта 10 минут ұстаған абзал. Егер масканы жаққаннан кейін сыртынан пленкамен, содан кейін орамалмен орап қойса, маска жақсы әсер етеді. Әр жуған сайын маска қолданған міндетті емес. Аптасына 1-2 рет қолданса болады. Құрғақ шаштар әрдайым ылғалдандыруды қажет етеді. Сондықтан аптасына 1 рет ылғалдандыратын маска жасап тұрған жақсы. Жұмсақ, әрі жұқа шаштарға көлем беру үшін жұмыртқаның сарысы мен зәйтүн майын алып, араластырып, шашты жұмас бұрын жағып қойыңыз. Шашты арнайы пленкамен орап, сыртынан орамалмен орап, 10 минуттай ұстаңыз. Шашыңызды ұзын етіп өсіргіңіз келсе, ұштарын әрдайым түзеп отыруды ұмытпаған жөн.

Шаштарыңыз мүлде жатпай, жан-жаққа ұшып, икемге келмейтін уақыттарда мынадай тәсіл қолданып көріңіз: аса майлы емес қолға арналған кремді алып, кішкене ғана түйірін алақаныңызға ысқылап, шашыңызды сипап өтіңіз. Бұдан еш зиян болмайды, майланып, кір болып тұрғандай да әсер қалдырмайды. Әдемі шаштар оларды дұрыс күтудің нәтижесінде ғана болмайды. Жеп-ішетін тағамдағы дәрумендер мен минералдар да шаштың мықтылығына іштен әсер береді. А, С, Е дәрумендері шашқа күш пен көлем береді.

Егер салтанатты кешке көлемді, сәнді шаш үлгісімен барғыңыз келсе, мынадай кеңеске құлақ түріңіз. Арнайы құралдарыңыз бар болса, бұл еш қиындық емес. Көлем беретін көпіршікті молынан қолыңызға түсіріп, біраз сулы шаштарыңызға бөліп жағыңыз. Бірнеше иірімдерге бөліп, үлкен көлемді бигудилерге соңынан бастап ораңыз. Шаш кепкенше ұстаңыз да, содан кейін бигудилерді шешіп, қолдарыңызбен шашыңызды түзеңіз. Қатыратын және жылтыр әсер беретін лакпен аздап қатырыңыз.

Шаштарыңыз тез майланып, әлсізденіп, көлемін кетіремесін десеңіз, мынадай масканы жасап көріңіз: бір шай қасық бал алып, оны ¼ стакан жылы суда араластырыңыз да, кішкене ғана миуалы (фруктовый) сіркесуын қосыңыз. Бұл дәрілік масканы шаштың түбіне және біразын шаштың өзіне жағыңыз. Кепкенше 15 минуттай ұстап, жуып тастаңыз. Бұл маскадан кейін шаштарыңыз қатайып, түспейтін болады. Оларды жатқызу да оңайға түсіп, шаш үлгісі де көп уақытқа дейін ұсталады.

Сабынның орнына айран немесе жұмыртқаның сарысын пайдалануға болады. Айранды бастың терісі мен шашқа жақсылап жағып, басты орамалмен байлап, 5-10 минуттан кейін ыстық сумен жуу керек. 1-2 жұмыртқа сарысын ағынан айырып, ішінде аздаған мөлшерде суы бар ыдысқа құйып араластырып, шашты сонымен жуып, сонан соң ыстық сумен шаяды. Шашты жуып болған соң, оны жұмсақ сүлгімен сүрте отырып, кептірген дұрыс. Басты орамалмен байламайды. Құрғақ шашты жуар алдында бірнеше сағат бұрын кез келген өсімдік майымен майлайды. Халық тәжірибесі: Шаш селдіремесін, тартымды күйінен таймасын десеңіз, халықтың мына тәжірибесіне, ақыл-кеңесіне назар аударыңыз:

\* Бас теріңізге массаж жасап тұрыңыз. Сонда құйқадағы қан айналымы, шаштың өсуі жақсарыды.

\* Шашты су күйінде тарамансыз, фен қолданып жатқызуға, сәнденуге әдеттенбеңіз. Өз түсінен күңгірт түске боямаңыз, ол Сізді жасыңыздан әлдеқайда есейтіп көрсетеді.

\* Бальзам, кондиционер тәрізді заттарды көп пайдалануға әуестенбеңіз. Басыңызды қышқылы орташа, жұмсақ сұйық сабынмен жуыңыз.

\* Шашыңызды кез келген сусабынмен, иіссабынмен жуа бермеңіз.

\* Шаштың жылтыраған, табиғи қалпын сақтау үшін алдымен оны таза ұстау керек. Егер ол кір болса, шаштың өңі болмайды әрі бас терісінде әртүрлі микроорганизмдер жиналуы мүмкін.

\* Басты аптасына бір рет жуған жөн. Шаң-тозаңы көп жерлерде жұмыс істейтіндер аптасына 2-3 рет жууына болады. Бірақ жуу жиілеп кеткен жағдайда шаш құрғап, сынуға бейім. Сондықтан шашты аранулы майлармен сылау керек. Сылау ұзын шашқа тән, қысқа шаш өзі-ақ тез майланады.

\* Шашты жұмсақ сумен, әсіресе, жаңбырдың, қардың суымен немесе қайнатылған сумен жуған жақсы. Кейбір қайнамаған жай суға жуса, сабын көпірмей, бастың кірі ашылмайды. Суды жұмсарту үшін бір литр суға бір шай қасықтан асырмай борлы қышқыл натрийді араластырады. Мұнымен жуып болған соң, басты бір литр суға бір ас қасық сіркесуын қосып шаяды. Қазір шаш жуу үшін әдеттегі сабыннан гөрі сұйық сабын жиі қолданылып жүр. Сусабынды шаштың қасиетіне қарай таңдап пайдаланған жөн. Олар қатты сабынға қарағанда әлдеқайда жұмсақтау. Шашты жуып болғаннан кейін жылы сумен әбден шайған дұрыс.

\* Жуылған шашты бөлме жылуында кептіру керек. Ал күннің кезінде, жанып тұрған отқа тақап немесе электрлі кептіргіштермен кептіру қатты құрғатып жібереді.

\* Кейбір шаш қатты құрғақ болғандықтан, ұшы қақиып тұрады. Мұндай шаштарды он күнде немесе екі аптада бір рет жууға тырысқан жөн. Жұмастан бұрын айына бір рет басқа соя немесе зәйтүн майынан компресс жасап тұру керек. Оны былай дайындауға болады: кішкене ыдысқа аталмыш майды шамалап құяды да оны өзге табаққа құйылған ыстық суға салып қояды. Жылыған майға бір шай қасық лимонның сөлін қосып, араластырып, шашқа және бас терісіне жағады. Сонан кейін целофан қалпақ киіп, сыртынан қалың орамал немесе сүлгі орап тартады. 10-12 сағат өткен соң, сусабынға немесе сабынға жұмыртқаны араластырып басты жуып алады. Шашқа арналған тұнбалар

\* Ошаған түбірін майдалап турап, оның 10-15 граммын 0,5 литр суға салып, 5 минут қайнатып алады. Сонан соң сүзіп, салқындатып, шаштың түбін аптасына 2-3 рет сүртіп отырады.

\* Бірдей мөлшердегі настурция мен қалақай өсімдіктерін 60 пайыздық спирт ерітіндісіне салып, 10 күн қояды. Соңынан сүзіп, таза ыдысқа құйып алады. Онымен 10-15 күн бойы шаштың түбін күн сайын сүртеді.

\* Ақ қайың жапырағынан бір ас қасық 20-30 минут қайнатып суға салып, екі сағаттай тұндырып қояды да сүзеді. Тұндырманы шашты жуған сайын басты сүртуге пайдаланады.

\* 50 грамм томар дәріні (черемница) алып, 250 грамм спирт пен судың қосындысына салып қайнатады. Ұзақ қайнағаннан кейін сүзіп алады. Дайын тұндырмамен аптасына екі-үш рет, кейін бір реттен шашты жуар алдында сүртіп отырады. Шашты тарау:

Қысқа шашты түбінен, ұзын шашты ұшынан бастап тарайды. Тарақтың тістері сирек және өткір болмасын. Шашты щеткамен тараса, ол жақсы тазалайды, бас терісінің қан айналымын жақсартады. Щеткамен шаштың түбінен ұшына дейін бірнеше рет жатқыза тарайды. Щетка қатты, бірақ тікенектері болмаған жақсы. Басқа біреудің таарғын, щеткасын пайдалануға болмайды. Ауыр және тар бас киімдер, күн сайын парик кию теріге салмақ түсіріп, шашқа ауаның баруын қиындатып, шаштың түсуіне себеп болады. Күннің желдің, теңіз суының, шаңның әсерінен шаш күңгірт тартады, құрғайды, қатайды. Суық та шашқа зиянды. Сол себепті суық күндері міндетті түрде бас киім киіп жүрген дұрыс. Шаң-тозаңда жұмыс істегенде басқа орамал байлайды, жеңіл, алайда шаң өткізбейтін бас киім киеді. Шашты өсіру:

\* Бұл үшін де шашты таза ұстап, арасында басты жұмсақ тарақпен тарап, сылап-сипап тұру керек. Сондай-ақ табиғи шөптерден дайындалған тұнбаларды пайдалану да шаштың өсуіне ықпал етеді.

\* Бір ас қасық шырмауықтың (плюш) жапырағын жарты литр суға салып, он минуттай қайнатады. Сүзіп, салқындатады. Дайын қайнатпаға мақтаны батырып, бір ай бойы кешкісін шаштың түбіне жағады.

\* Қалақай (крапива) мен настурция өсімдіктерінің жапырақтарының 100 грамына шамамен 10 грамдай қазотын ұнтақтап, араластырады. Осы қоспаға жарты литр спирт құйып, 15 күндей тұндырады. Сонан соң сүзіп алынған тұндырмамен шаштың түбін басты жуған сайын сүртіп отырады. Қоспаның құрамында спирт болғандықтан көзге тигізіп алмау керек.

\* Кей өсімдіктердің өзін езіп пайдалануға болады. Мысалы, қаратамыр (черно-корень) өсімдігінің жас түбірін ұсақтап турап, езіп, ботқа әзірлейді. Оны бастың құйқасына жағып, үсіне пергамент қағазын жабады да, жылы орамалмен сыртынан орап қояды. Бір сағаттан кейін басты жақсылап жуып алады. Мұндай масканы бір ай бойы екі немесе үш күн сайын қайталаған жөн. Әдемі болыңыздар! Сұлулықтың кепілі – шаш екенін ұмытпайық!



## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

• Өзіңді жақсы сезіну үшін күніне 2 рет табиғи суық суға шомыл. Ыстық суға шомылсаң, суық сумен нүктесін қой;

• Шомылар алдында, не шомылып жатқанда табиғат аясына шық, жалаң аяғыңмен жер бас. Ауаны ауызыңмен қармап, бірнеше рет дем ал да іштей өзіңе және өзге жұртқа денсаулық тіле;

• Арақ ішпе, темекі тартпа;

• Аптасына кем дегенде 1 рет тамақсыз не сусыз күн кешуге тырыс;

• Қоршаған ортаны сүй. Айналаңа түкірме және ештеме тастама.

Бұл сенің саулығың;

• Денім сау болсын десең барлық адаммен сәлемдес;

• Бойыңдағы жаман қилықтардан арыл. Жұртқа сен және оларды сүй;

• Адамдарға әсіресе көмек сұрағандарға көмектес. Оның қажетіне бар жандүниенімен көмектес. Ол сенің досыңа айналады, соныңмен әлемдік іске атсалысасыз;

• Жексенбі күні табиғатқа жалаңаяқ шығып, бірнеше рет тыныс ал да, ойлан;

• Ауру, сырқат, өлім жөнінде ойлаудан қаш. Бұл сенің - жеңісің;

• Ес пен ойды бөле қарама. Оны жүзеге асыр;

• Іс жөніндегі тәжірибенді үлгі-өнеге ет. Бірақ ол үшін мақтанба да, өзіңді-өзің өреден жоғары ұстама. « Ұлық болсаң-кішік бол».

**Бұл қағиданың адамның рухани жағынан тазарып, салауатты өмір сүруіне тигізетін рөлі ерекше.**

Қоғамның болашағы жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесінің, спортпен айналысқанның ұлттық ойындарға қатысудың рөлі зор

## БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

*Адам – табиғатынан әлсіз жаратылыс. Өз-өзіне не біреу оған қарамаса, қамқорлық жасамаса, аман қалуы қиын. Әсіресе, адамда денсаулық деген өте қадірлі, алтыннан қымбат нәрсесі бар. Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпайды. Егер жаның аман, денің сау болмаса, бұл өмірде мән жоқ. Бір жерің шамалы ауырып тұрса, онда ешнәрсеге зауқың соқпай, көңіл-күйің де көтерілмей мазан қашады. Ал еш жерің ауырмаса, онда күнделікті шаруанды емін-еркін жасап, армандап та, қиялдап та өмір сүресің.*

Кейде денсаулық барда, оның қадіріне жетпей, бағаламай жататын жайымыз бар. Сондықтан оны оңды-солды жұмсаймыз. Денсаулықты құртатын дүниелерге көп барамыз. Ал адамның өзіне жасаған ең үлкен өкініші де осы болуы тиіс: денсаулығын құрту – өзіңе жасаған қылмыспен бірдей. Сондықтан денсаулықты сақтауға, оған қамқорлық танытып, күтінуге тырысу абзал. Денсаулық сақтау – өнер. Өйткені денсаулықты күтіп ұстау да кейде пендеге оңай болмай жатады. Нәпсіге ауыр келетін нәрселер бар десем болады. Мәселен, жүгіру, жаяу жүру немесе көп қимылдау денсаулық сақтау нышаны екенін бәріміз білсек те, оны орындамай жатамыз. Жай ғана серуендеудің өзі бойға қан таратып, қан айналымы мен зат алмасуын жақсартады. Содан адам ағзасына қажетті қоректік заттар барады. Тағы бір мысал. Кейде ішпеу керекті ішіп, жемеу керекті жеп жатамыз. Мәселен, фаст-фуд пен кез келген тез, қуырылып дайындалатын тағамның ағзаға ауыр екенін біле тұра, соны жейміз. Ал ағзаңның амандығын ойласаң, мұндай санасыз әрекетке барудың қажеті жоқ. Денсаулық сақтау – бұл өнер. Ал өнерді адам үйренуі тиіс. Дәлірек айтсақ, өз-өзін тәрбиелеп, өнерлі болуы керек. Денсаулықтың жайы да сол. Денсаулықты сақтауың үшін оны сақтаудың жолын үйрен әрі соны өміріңде қолдана біл.

Осы беттегі ақпарат дереккөздерінен мақаланы дайындаған.

**Жанаргүл ҚОЖАБЕКОВА,**  
журналист.

# ОЛАР ЕКЕУІ ДЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ БОЛҒАН



Иә, биыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы қатар келді. Екеуі де – Алаш қайраткерлері, Алашорда үшін жандарын салып қызмет еткен. Жалпы, аталған екі тұлғаны бір-бірімен байланыстыратын дүниелер өте көп. 1923 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығына байланысты үлкен жиын болады. Оған көптеген Алаш азаматтары қатысып, сөз сөйлейді. Сол жылы Мұхтар Әуезов те қатысып, «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» деген баяндама жасады. Ол кейін «Еңбекші қазақ» газетіне шықты. Онда былай дейді: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Оның шындығына ешкім дауласпайды. Сондықтан, елу жылдық тойын атап отырған қуанышты күнде Ахаңа біздің айтатын сөзіміз – Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар...» деп ерекше тебіреніспен сөйледі. Ахмет пен Мұхтарды байланыстыратын тағы бір тарих бар. 1924 жылы Орынборда қазақ білімпаздарының құрылтайы өтеді. Аталған жиында үлкен мәселелер қаралды. Сондай-ақ, «Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі қолданысқа енуі керек» деген ұсыныстар айтылады. Сонымен қатар, оқулықтар шығару мәселесі де қозғалды. Ол жұмысты Алаш азаматтары бөлісіп алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышты» шығарған болса, Мұхтар Әуезов әдебиет тарихын зерттейді. Мұхтар әдебиет тарихын екі бағыт бойынша жинақтайды. Бірі ауыз әдебиет үлгілері болса, екінші зар-заман әдебиеті. Үшінші байланыстыратын жері, 1924 жылы құзырлы орган жөндестірі Орынборда, Ташкентте жүрген Алаш азаматтарын ұстап алып, қамайды. Жалпы, 43 адам ұсталады. Алматы түрмесіне түскендердің атылатыны атылды, кейбіреуі құдаланды. 1938 жылға дейін бөрінің көзін жойды ғой. Оның ішінде тіріқалғаны - Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков Қайым Мұхаметхановтың айтуынша, олардың тірі қалуына Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханның ақылы себеп болған. Олар Мұхтар мен Әлімханға «Сендер әлі жассыңдар, сондықтан осыған дейін істеген істерің үшін «жаздық, жаңылдық» деп мақала

жазыңдар» деп кеңес берген. 1932 жылы Әуезовтің мақаласы жарыққа шығып, өзі босатылады. Бірақ бәрібір ұзақ уақыт қуғын көреді. Міне, Ахмет пен Мұхтардың тағдырын Алаш идеясы жолындағы осындай ұлы істер байланыстырып отырған.

- Ахмет Байтұрсынұлының нақылға айналып кеткен «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген әйгілі сөзі бар. Бұл алғашқы қазақ ұстаздарының бірі - Нәзіпа Құлжановаға арналған өлеңінен алынған сөз дейді. Осының мән-жайына терең үңілер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлының

150 жылдығына көптеген шаралар өтуде. Көбінің тақырыбына осы «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген цитатасы қойылып жатыр. Бұл сөзі ақынның «Н.Қ ханымға» деген сыр-толғау өлеңінен алынған.

Ахмет - қазақ әдебиетінде сыр-толғау жанрына алғаш болып қалам сілтеген қаламгер. Ал «Н.Қ ханым» дегеніміз – Нәзіпа Құлжанова есімді қазақтың алғашқы ұстаздарының бірі. Ол Ахмет Байтұрсынұлының жерлесі, Орынбор мұғалімдер гимназиясын бітірген. Жолдасы Нұрғали Құлжанов деген азамат болыпты. Екеуі оқу бітірген соң Семейге барып, мұғалімдер семинариясында сабақ беріпті. Жалпы, адам баласы өзінің ішкі сырын кім көрінгенге аша бермейді. Тек жақын тартқан адамына ғана айтады. Соған қарағанда Ахмет пен Нәзіпа ханымның Алаш идеясы, қазақ ұлтының ұлттық мүддесі жолындағы рухани қарым-қатынасы өте тығыз болғанын аңғарамыз.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындыр мен емес бір күннен.

Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел бүгіншіл, менікі ертеңі үшін, - деп түйіндейміз. Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ішкі сырын, толғамын, не үшін өмір кешіп жүргенін осы өлеңмен жеткізеді. 1914 жылы Нәзіпа Құлжанова Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл болуына байланысты кеш өткізген. Сонда ол Абайдың шығармашылығына, өмірбаянына байланысты екі тілде баяндама жасапты. Ол кезде зиялы қауым арасында екі тілде сөйлейтін адам сирек болған. Ол алғаш болып «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала» атты кітаптарын шығарған өте білікті педагог еді. Оған дейін мектепке дейінгі балалардың тәрбиесі туралы қазақ тілінде кітап болмаған-ды. Аталған құнды туындыға Ахмет Байтұрсынұлы Алғысөз жазыпты: «Нәзіпа жолдастың кітабы - Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды. Мектеп жасынан бергі екі жастан арғы балаларды тәрбиелеу үшін мәдениет жүзінде алда тұрған халықтар не істейтіні, бала тәрбиесі оларда қандай орын алып, қандай дәрежеде тұрғаны жайында қысқаша мағлұмат береді», деп жоғары баға берген. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына қатысты екі ұшты әңгіме айтылып жүрген бір мәселе бар. Мысалы,

Мінсіз таза меруерт  
Су түбінде жатады.  
Мінсіз таза асыл сөз  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан зат  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығады, - деген әйгілі нақыл бар. Осыны біз бүгінгі күнге дейін Асан қайғынікі деп келдік. Бұл - Ахмет Байтұрсынұлының Жадовская-дан аударған аудармасы.

- Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы кезінде бір өзі Араб графикасына негізделген қазақ әліппесін жасады ғой. Осыны әлем ғалымдары қалай бағалағанына да бір шолу жасар болсақ, Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлына дейінгі қазақ әліпбиін ежелгі түркі жазуларынан басталған деп білеміз. Яғни, бізде түркі руна жазуы, құпия жазу, Орхон-Енисей жазуынан бері



жалғасып келген жазба мәдениетіміз бар. Одан кейін барып шамамен VIII-IX ғасырларда түркі жұрты араб экспанциясы негізінде араб әліпбиіне көшкен. Ал Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін ретке келтіруді 1910 жылдардан бастап қолға алады. Өзі бір жазбасында: «1909 жылы Орынборға келгеннен бастап қазақ әліпбиін жасауға кірістім» дейді. Бұл әліпби қазақтың сөйлеу тілі негізінде жасалған. Мұнда басы артық дыбыс жоқ. Яғни, қазақтың сөйлеу тілінде қанша дыбыс болса, соның барлығына жеке таңба арнауы керек болды. Ахаң әліпбиінің тағы бір ерекшелігі, қазақ тілінің иммунитеті сияқты. Яғни, шеттен енген кез келген сөзді қазақ тіліне бейімдеп алды. Мысалы, Еуропадан немесе орыстан енген сөздердің барлығын қазақтың сөйлеу заңдылығына икемдеп тастады. Ол әліпби үндестік заңын толық сақтайды. Мұны қазақтар 1929 жылға дейін қолданып келді. Ахметтің әліпбиін орыстың түрколог, тілші ғалымдары да мойындаған. Мысалы, Ресейде қолданбалы тіл білімінің негізін қалаған Яковали есімді орыс ғалымы бір сөзінде: «Белгілі бір ұлттың дыбыстық жүйесін математикалық дәлдікпен жасаған мұндай әліпби әлемде жоқ» деп жоғары бағалайды. Ал Поливанов деген түрколог ғалым мұны «Байтұрсынұлының әліпбиі» деп атаған. Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған әліпбиді қазір Қытайдағы қандастарымыз ғана қолданады.

Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы жоғары оқу орындарда жеткілікті деңгейде оқытылуда. Ахмет Байтұрсынұлының биылғы 150 жылдық мерейтойы дүниежүзі бойынша, ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілуде. Бұл - біз үшін көңіл қуантарық жағдай. Осы ретте жергілікті жерлерде де ұлт ұстазының өмірі мен шығармашылығы жоғары деңгейде ұлықталуы керек. Ағартушылық жұмыстары көптеп жүргізілсе дейміз. Мәселен, үлкен қалалардың орталығындағы көшелерге және мектептерге қайраткердің есімін беру жұмыстары қолға алынуы керек. Өкінішке қарай, қалалар мен ауылдарда Ахмет Байтұрсынұлының атында көше жоқ. Сондықтан, жергілікті ономастикалық комиссия осы мәселені ескеру керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, әр қалада бюсті немесе ескерткіші тұрса, артық болмас еді.

Тарихи деректерді жинаған: Жанаргүл Қожабекова.

## ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҢ ТЕРЕҢ МӘНІ БАР

Қазақтың дүниетанымы, ұлттық болмысы оның салт-дәстүрлерімен біте-қайнасып жатыр. Әр әдет-ғұрыптың ізгілікке үндейтін терең мәні бар. Бірақ солардың кейбірі қазіргі қоғамда материалдық бәсекеге ұқсап бара жатыр. Мәселен, қалың мал мен киіп кигізу рәсімі рәсуға айнала бастағандай. Экспресс К осы дәстүрлер төңірегінде сауалнама жүргізіп көрді.

Қазақ — салт-дәстүрге бай ұлт. Елмен ертеден жасасып келе жатқан дәстүрлердің көбі той-думан айналасында жасалады. Солардың ішіндегі ең танымалдары — қалың мал мен киіп кигізу. Қыз алысып, қыз беріскен екі ауыл қалың беріп, киіп алмасып, «мыңжылдықтың» іргесін бекітесің. Бұдан қазақтың меймандос, дархан, қонақжай пейілін, жаңа туысқа деген ізет-құрметін аңғарасыз. Қалың малдың қоғам дерті болып асқынып, әлеуметтік теңсіздікке әкелгенін де тарихтан білетін боларсыздар. Ал қазіргі заманда осы дәстүрлер қаншалықты маңызға ие? Өзінің түпкі мәнінен ажырап қалған жоқ па? Оған елордалық дәстүртанушы, публицист Тоғайбай Нұрмұратұлы мынадай пікір айтады.

— «Бұлар — қазаққа ең керек дәстүрлер. Оларды ұмытсақ, басқалары да көмескілене бастар еді. Сондықтан ұлттың жоралғыларына ешқашан жат көзбен қарамау керек. Мұны жоққа шығарғысы келетіндер біздің құндылықтарымыздан айырды көздейді. Үнемі жаман жағын көрсетіп, келеке етіп отыратындарды теріс пиғылдықтар дер еім. Қалың мал — қайтарымы бар дүние. Қыз жасауымен орны толады. Ал киіп құдалар арасында жүретін дәнекер ғой. Енді, асыра сілтеп жіберетіндер, әулет жағдайымен санаспайтындар ілуде біреу шығар. Ондай жағдайлар бұл дәстүрлерге көлеңке түсірмесе керек-ті», — дейді дәстүртанушы.

Тоғайбай Нұрмұратұлы. Оның айтуынша, миллион-миллиардтап қалың мал сұрайтындар қызды бергісі келмейтін ата-аналардан шығуы мүмкін. Оған бола салтты санаттан сызып тастауға, жоққа шығаруға болмайды. Қазақы әдет-ғұрып, ырым-тайымдар туралы жиі пікір жазып жүретін әлеуметтік желі белсендісі Анаргүл Шалғынбай да осы ұстанымда.

— «Кеңес үкіметінен келе жатқан сыңаржақ пікір қалың мал дәстүрінен жирендіріп отыр. С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы малға сатылып кететін қыз байғұсты елестеді көбісі. Жоқ, олай емес. Қалың мал — қызға екі еселеніп қайтып баратын дүниесі. Себебі қыздың төсек-орын жабдығын қалың малдың құнымен апарған. Сондықтан қалың мал берілген кезеңдерде ажырасу аз болған. Ал, қазір ажырасудың көбісі

материалдық жағдайдың төмендігінен болып отыр. Сондықтан мен қалың мал дәстүрін қос қолдап қолдаймын. Ал киіттің жөні өз алдына бір бөлек. Ол да аса қажет деп есептеймін», — дейді Анаргүл Шалғынбай.

Дегенмен бұл пікірге қарсы дауайтатындарда жетіп-артылады. Мәселен, журналист, асаба Нұрқанат Бұқабаев мұның пайда-сынан зияны көп деп санайды. — «Бастапқыдағы мән-маңызын біз де түсінеміз. Бірақ қазір осы дәстүрлер дүниеқұмарлықтың, ысырапшылдықтың, бақай есептің, бәсекеңіз көрінісіне айналып барады. Бір мысал айтайын. Жақын араласатын бір бауырым елордада жүріп, бір қызға ғашық болып, көңілдері жарасты. Кейін келін қылып еліне алып барды. Жағдайлары төмендеу-тін. Қыз жақтан келген құда-құдағилар қалаған қалың малына келісе алмай, қызын жүлғандай қылып алып кетті. Не болды ал? Екі жастың обалына қалды емес пе? Менің айтып отырғаным — бір ғана мысал. Қоғамда мұндай жағдайдың мыңдап кездесуі ғажап емес қой», — дейді Нұрқанат.

Қостанайлық қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі Айбек Ибраев Нұрқанат інісінің осы пікірін қостайды. Бас құрап, үйлену, тұрмысқа шығу секілді өмірдің заңдылығын саудаға айналдырмау керек деген қағидаға берік.

«Бастысы, балалардың бақыты емес пе? Дүниенің орны тола береді ғой. Өзім де қыз ұзатқан әкемін. Сондықтан бұндай дәстүрлер маған таңсық емес. «Келісе пішкен тон келте болмайды» демекші, өмірге келген жас отауға тілекші ата-ана ретінде дүние үшін таласып-тартысып жатпай, өзара ымыраға келсе, қандай жарасымды. Қайта, сол босқа рәсуа болатын шығынды балалардың мұқтажына жұмсаған, үй-жайын алып беруге жаратқан әлдеқайда пайдалы ғой. «Аузын аңқайтып ашып, құдаларының хал-жайына қарамастан 10-20 миллион сұрапты» дегенді біздің де құлақ шалып қалып жатады. Өз басым мұндайды құптай қоймаймын», — дейді ол.

Айбек Ибраев, Әрине, түптеп келгенде, қалың мал сұрау — қыз сату, киіп кигізу — байлық сынасу деген сөз емес. Ықылымнан келе жатқан ырым. Бірақ сол ырымдардың қырын кетіп қалмауы да қаперде ұсталса игі. Қазір туыстасып үлгермей жатып, бір-бірін сотқа сүйрейтін құдалардың көбейгені де жасырын емес. Оның бәрі салтты саудаға айналдырғанның салдары болар... Осы дәстүрлер туралы сіздер қандай ойдасыздар? Пікір көбейте отырыңыздар.

Дос ҚҰРМАШҰЛЫ, Әлеуметтік желіден.

## САРЫП АУРУЫ – БҰЛ ҚАУІПТІ!!!

Сарып – клиникалық белгілерсіз өтетін, жануарлардың созылмалы жұқпалы ауруы, бірақ көбінде түсіктермен, өмірге икемділігі жоқ малдың тууымен белгіленеді. Сарыппен адамдар да ауырады, үй жануарларының сезімтал және барлық түрлері, алайда қой, ешкі, ірі қара мал және шошқалардың арасында кең тараған.

Малдарды тексеру жұмыстары ағымдағы жылдың наурыз айынан басталды және 2019 жылдың 20 сәуірде оң нәтиже берген 10 бас малдардың саны анықталды. Қатынастағы барлық тұлғалар зерттелуге жолданды. Сарып ауруына тоқталайық. Біздің озық ғасырымызда, көп ақпаратты біле тұра, біздің ағзамызды шабуылдайтын, көп ауруларды ескерген кезде бейхабарлық және патологиялық түршігу қала береді. Сонымен қатар сарып ауруы да, ұзақ және жағымсыз емделумен сипатталады, жүйке және жұйке-тәмір жүйелерін зақымдайды, сондай-ақ атап өту керек, ауру ер адамдарда жыныстық функцияның төмендеуіне, әйел адамдарда бедеулік пен түсік тастау қаупін төндіреді. Көбінесе адам қайнатылмаған сүтті және одан жасалған сүзбе, кілегей, ірімшік және басқа сүтті өнімдерді қолданғанда жұқтырады. Ауру өткір басталады: дене қызуының жоғарлауы, қалтырау, әлсіздік, тершендік, буындар мен бұлшық еттердің ауруы, психикалық бұзылу болуы мүмкін. Аурудың басталуы өте сирек өтеді және даму біртіндеп жүреді. Сарып ауруы үш негізгі түрге бөлінеді: өткір (бір жарым айға дейін созылады); жіті (ауру кезеңі 1,5 айдан 3 айға дейін) және созылмалы (үш айдан астам). Кейде ауру бір жылға созылуы мүмкін, бірақ бұл ең алдымен уақытылы емделмеген кезде немесе өзін-өзі емдеумен айналысқан кезде туындауы мүмкін.

Аурудың профилактикасы қиын емес. Сарып сүтті қайнатқан кезде және пастерлеген кезде, етті жақсылап қуырған кезде өледі, қарапайым жеке гигиенаны сақтаған кезде: резеңке етік кию, қолғап, осы үшін арнайы бөлінген киім кию. Сарып ауруының таралуымен күрес кезінде жануарлар арасында арнайы вакциналармен екпелер маңызды рөл атқарады.

ҚДС басқармасының Бас маманы  
Галина Толстолужинская.

# ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫ

*Халық пен тіл – егіз ұғым. Бірінсіз бірі жоқ. Тіл халықтың басты адами нәм рухани байлығы болса, халық – тілдің иесі. Сондықтан тілдің тағдырын халықтан бөлек қарау мүмкін емес. Бүгінгі ана тілдік кеңістіктегі ахуалды жақсы білу үшін, оның тағдырын тереңірек ұғынып және оған ерекше қамқорлықтың қажет екенін түсіну үшін өткен тарихымызға кішкене зер салсақ.*

Алаш ұлт-азаттық өкілдерінің алғашқы ақдамдарының бірі болып саналатын 1905 жылдың маусым айында Қоянды жәрмеңкесінен жолданған петицияда патша өкіметінің отарлау саясатына ашықтан-ашық қарсылық білдірілген болатын. Онда жергілікті әкімшілік орындарының соңғы кездегі қуғын-сүргін шаралары әңгіме өзегі болды. «Далалық ереженің» 99-бабы бойынша Қыр өлкесі генерал-губернаторының медресе (мектеп) ашуға және мешіт салуға рұқсаты болғанымен олар қазақ тілін оқытатын мектептерді қуғынға ұшыратты. Осындай жағдайларды айта отырып, петицияда ана тілін пайдалануға еркіндік беру ең қажеттілік деп атап көрсетілді. Сондықтан жергілікті тілге барлық шектеуді алып тастау ұсынылды. Осы мәселелерді көтере отырып, петиция жолдаушылар қазақ даласында білім беру ісін дұрыс жолға қою керек деп санайтынын, ол үшін ауыл мектептерінде қазақ әліппесін енгізу, қазақ тілінде сабақ беру, жабылып қалған интернаттар мен пансиондарды қалпына келтіруді, болыс кеңселерінде ісқағаздарын қазақша жүргізуді талап еткен болатын.

Мұның барлығын терең түсінген, халқының мүддесіне қайшы жүргізілген патшалық саясатты алғаш барынша ұғынған, оны ашына сынағандардың алғашқы қатарында Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхан болды. Ол 1905 жылдың қарашасында Мәскеуде Жалпыресейлік жергілікті және қалалық қайраткерлер съезіне қатысып, онда 4 миллион қазақ халқының атынан сөз сөйлеп, қазақ тілін оқытатын мектептердің қуғынға ұшырайтынын, қатаң бақыланатынын айтып, ана тілін пайдалануға еркіндік беру ең қажеттілік деп атап көрсетіп, жергілікті тілге барлық шектеуді алып тастауды ұсынды. Алайда бұл ұсыныстарды тыңдайтын құлақ та, көретін көз де ол кезде де, кейін де бола қойған жоқ. Кешегі патшалық Ресейдің саяси жалғасындай болған, әлеуметтік әділеттілікті сөз жүзінде ұрандатып саяси сахнаға шыққан кеңес заманында да тіліміздің айдарынан жел есілген жоқ. Алаш алыптарының бірі Мұстафа Шоқай: «Орыстың патшалық мекемелері біздің ұлттық дамымызды тежеп келсе, большевиктердің басқаруы халқымызды ұлттық сезімнен жұрдай етуге, мұндай сезімді көкірегінен біржола сылып тастауға тырысып отыр» деп жазған болатын. Дегенмен 1920 жылдан бастап Қазақ АССР-інде мемлекеттік мекемелерде ана тіліміз мемлекеттік тіл деңгейінде қолданылып, ісқағаздары қазақ тілінде жүре бастады. 1920-1925 жылдары Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болған Сәкен Сейфуллин биік лауазымдық қызметте жүріп, еліміздегі қазақ тілін қолдап, тоғыз мақала жазған болатын. Алайда кеңестік билік Азамат соғысын өздеріне тиімді жағдайда аяқтап, тұтас аймаққа үстемдік құрғаннан кейін өзінің шынайы болмысына көшкен еді. Соның бірі – тіл саласындағы жаңаша саясат. Ана тілді ардақтағандар «ұлтшыл» аталып, сол бір зобалаң заманның құрбаны болды. Осындай саясаттан бастауыш класс 5 жылдық болсын, оның алғашқы үш жылында ұл-қыздарымыз өз ана тілінде еркін оқып, жаза және сөйлей алсын, содан соң 4-класстан орыс тілін оқытайық деген тамаша педагог әрі психолог, ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының асыл өсиеті келмеске кетті.

Қазақ тіліне деген қиянат кеңестік кезеңде Қазақстанның өзінің ең басты құжатынан басталды. 1937 жылғы Конституцияда ежелден осы жердің иесі және мемлекет құрушы ұлттың тілі туралы бір ауыз сөз жазылмады. Мұны негізгі заңды дайындағандар білмеді емес, білді. Бірақ кеше ғана «ұлтшылдардың» жаппай қудалауынан, қырғынға ұшырауынан үрей билегендер Мәскеуге қарап, бірдеңе деуге бата алмады. Кейін 1978 жылы қабылданған Республика Конституциясында да ана тіліміз «ұмыт» қалды. Сонымен жергілікті халық Одақ конституциясын басшылыққа алып, орыс тілін мемлекеттік тіл және ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға мәжбүр болды. Бұл ұлттық аймақтарды менсінбеудің, басынғандықтың ашық та айқын көрінісі болатын. Коммунист көсемдеріне бұл да аз көрінді. Содан елімізде орыс тілінің үстемдігін арттыра түсуге бағытталған құжат – 1938 жылғы 13 наурызда СССР Халық комиссарлар кеңесі мен БКП(б) Орталық комитеті «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулы қабылдады. Бұл өз елінде азшылық болып қалған, кеше ғана шынайы зиялы қауымынан ада етілген біздің республика халқы үшін зор қиыншылықтарға жол ашты. Содан сол кезде де болған, кейін де жетіп-артылатын солақай белсенділер алға шығып, Мәскеудің саясатын жалаулатып алып кетті. Олар орыс тілінің үстемдігін орнатуға білек түре, маңдай терлерін сұртуге үлгері алмай кірісті. Осы жылдың 5 сәуірінде Қазақстан КП(б) ОК және ҚазССР Халық комиссариаты кеңесі іле-шала арнайы қаулы әрі кешенді іс-шара қабылдады. Онда 1938-1939 оқу жылынан бастауыш мектептің екінші класының екінші жартысынан, толық емес орта және

орта мектептердің үшінші класынан бастап орыс тілін оқытуды қамтамасыз ету республика халық ағарту комиссариатына ұсынылды. Алайда мұны қатаң қадағалауға Ұлы Отан соғысы кедергі келтірді. Содан он жылдан соң бұл шаралардың жүзеге асырылуы тағы да арнайы қаралып, Қазақстан КП(б) ОК 1948 жылдың 2-3 тамызында «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» қаулы қабылданды. Онда қазақ мектептерінде, әсіресе ауылдық жерлерде орыс тілі қанағаттанғысыз оқытылып жатыр деп, 1948-1949 оқу жылынан бастап қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды түбірлі жақсарту мақсатында бірінші кластың екінші жартыжылдығынан бастап оқытуды, осыған байланысты көптеген нақты шараны жүзеге асыру міндеттелді. Тіпті тәжірибе есебінде, қазақ мектебінің 8-10 кластарында математика, физика, химия және денешынықтыру пәндерін орыс тілінде оқыту ұсынылды. Осы арада таңғалатын бір мәселеге тоқтай кетпеу мүмкін емес. Осыдан жетпіс жылдай уақыт өткенде бүгінгі күннің солақай белсенділері жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытайық деген ұсыныстар жасады. Олардың түсініктерінше, қазақтың ұл-қыздары бұл пәндерді өз тілдерінде білмеуі керек екен. Бұдан асқан бассыздық болар ма? Құдайға шүкір, бұл толық жүзеге аспай қалды-ау дейміз.

Тіліміздің жүйесінің тұрақты өзгеруімен келе жатқанын да айтпай кетуге болмайды. Ахмет Байтұрсынұлының жазуынан латынға көштік. Ал латыннан кирилге бір жарықпен бір түнде асығыс ауыстырды. Ал соңғы шара еліміздің ана тілдік кеңістігінде қаншама қайшылықты жағдайлар туғызды. Мұны сонау Францияда жүріп, Кеңес Одағындағы, әсіресе Түркістанда болып жатқан экономикалық, саяси-әлеуметтік салалардағы өзгерістерді жіті бақылап отырған Мұстафа Шоқай: «Рухани салада маңызды рөл ойнайтын әліпби мәселесінде де кеңестердің саясаты белгілі. Олар өз тепкісінде отырған түріктерге орыс алфавитін зорлап таңу арқылы түркиялық бауырларымызды бөліп тастауды көздейді», деп жазған еді.

Жоғарыдағы шаралар Одақ орталығына әлі де жетімсіз саналды. Содан 1990 жылғы 24 сәуірде кеңестік кеңістікте орыс тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін құқықтық жағынан бекіту мақсаты болған КСРО халықтарының тілдері туралы заң қабылданды. Бақытымызға орай Одақ ыдырап, ол жүзеге аспай қалды. Ал ол жүзеге асқанда, бәлкім, қазір ана тіліміздің үлгілерін мұражайлардан іздеп жүрер ме едік? Құдай оның бетін аялап етсін!

1985 жылдан басталған сөзге шешен, коммунист көсем М.С.Горбачевтің қоғамдық-экономикалық өмірді қайта құруға, «кемелденген» социализмді «жаңартуға» бағытталған саяси қадамы ұлттық республикаларға өздерінде қалыптасқан саяси әлеуметтік жағдайға сын көзімен қарауға мүмкіндік берді. Мұндай көзқарасты еліміздің зиялы қауымы тағы да ана тілімізден бастады. Өйткені тілі азат халық қана шынайы бостандықтың тәтті дәмін сезе алады. Тіл – бостандықтың алғы шарты. Тілі азат болмай, рух азат болмайды. Рухы бостандық алмаған халықтың азып-тозатынын тарих талай дәлелдеген болатын, дәлелдеп келеді. Содан егемендіктің елең-алаңында ұлтшыл азаматтардың белсенді араласуымен, қызу талас-тартыстың арқасында 1989 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің кезектен тыс он төртінші сессиясында «Тіл туралы» заң қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Осылай тіліміздің мерейін көтеруге, қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған бүкілхалықтық іс басталып-ақ еді. Алайда бұл ұзаққа созылмады. Өкініштісі – сол кездегі жер-жерде көріне бастаған ұлттық рухқа тиісті өріс берілмеді. Асқақ идея жаңа жағдайда ұлттық мұрағаттарымызды шешумен жалғастырылмады, санамыз тәуелсіздік талаптарына сәйкес тиісті жаңара түспеді. Содан ана тілдік кеңістікте көптен қордаланған мәселелер шешімін таппай, жалғаса берді, жалғаса берді...

Бірнеше ғасыр отаршылдықтан пайда болған жалтақтық, кеше ғана үстемдік жасаған, енді жалғаса түскен құлдық психология жігерлі іске жібермеді, жібермей келеді. Оның үстіне 1995 жылғы Конституцияның 7-бабының 1-тармағындағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген халқымыздың көптен аңсаған аса маңызды құқықтық нормасы келесі тармақтағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген қайшылықты сөйлеммен тиісті күшінен айырылды. Содан орыс тілі шын мәнісінде мемлекеттік мәртебеге көтеріліп, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналды. Осы арада өз мәселесіне өзі ие көрші Өзбекстандағы жағдай туралы бір ауыз сөз айта кетейік. Рас, кейбіреулер бізді олармен салыстырмау керек деуі мүмкін. Ол кейбір жайларға байланысты жөнсіз де емес. Алайда біз реті бар нәрсенің өзін жасауға дәрменсіздік танытып келеміз



ғой. Олар да 1989 жылы өз тілдерінің мемлекеттік мәртебесін шешкен болатын. Мұны қанағат тұтпай, 1995 жылы Өзбекстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» заңы қабылданды. Ал біз 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы Тіл (бұл шынына келгенде «о языках» болатын) туралы заңда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп конституциялық норманы қайталаудан аса алмадық. Тіпті содан бері жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеріп, оның қолданыс аясын кеңейте түсетін бірде-бір қағидатты шара қабылдай алмай келеміз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамызда қабылдаған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулысынан жұртшылық күткен үміт те ақталмады, ол да құрғақ сөздерден аса алмады. Сонымен қазіргі келешегіміз деп отырған қаракөз жастарымыздың, жас мамандарымыздың дені, тіпті билік басында жүргендердің өздерінің өз ана тілдерінде еркін сөйлей алмауы, тіпті кейбіреулерінің сөйлеуге талпынбайтын жағдайы қалыптасты. Өйткені олар ондай лауазымды қызметке бару үшін қазақ тілін білу міндетті емес екенін жақсы біледі.

Ащы да болса, ашық айтқанда, осы кезге дейін қазақ тілі туралы саясатта қатаң оң жүйе қалыптаса алмай келеді. «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» деп қадап айтқан болатын. Бірақ осы «үш тұғырлы тіл» Мемлекеттік бағдарламаларға кіріп, күнделікті өмірде көптеген қайшылық жалғаса түсті. Басқаны былай қойғанда, басшылары екі-үш жылға жетпей жиі ауысып отыратын Білім министрлігінің қазақ балабақшаларында үш тілді үйретуге ұмтылуынан туған қиыншылықтар қаншама болды. Менің бұл туралы жазбаған билік тармағы қалмады. Еш әрекет болмады. Тек Президентіміз Қ.Тоқаев алдымен өз тілімізді білейік дегеннен кейін ғана бұған тыйым салынды.

Осындай жағдайда не істеуге болады, қазіргі қиындықтан қалай шығамыз? Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тіл мәселесіне бейжай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекетіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін» деген сөзі мемлекеттік органдарды да, халқымызды да қатты ойландыруы қажет. Сондықтан осы кезге дейін тиісті ескерілмей келген Ата Заңымыздың 93-бабындағы «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деген конституциялық тапсырманың аясында ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесін елеулі түрде жоғары көтеретін, оның қолданыс аясын барынша кеңейте түсетін пәрменді-пәрменді құқықтық нормалар мен шаралар аса қажет. Ол үшін ең бірінші қазақ тілін мүшкіл күйге түсірген, түсіріп келе жатқан Конституцияның 7-бабының 2-тармағындағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген норманы алып тастай алсақ, қоғамда ана тілімізге деген үлкен бетбұрыс туар еді. Мұндай қажеттілік 2025 жылдан латын әліпбиіне көшу туралы идеяның толық жүзеге асуы үшін де маңызды боларына дау жоқ.

Келесі бір мәнді мәселе – тілдің иесі халқымыздың өзін жаппай мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге жұмылдыру қажет. Қоғамда әркімнің өз ана тіліне деген жеке азаматтық жауапкершілігін көтеру маңызды мәселе. Бұрынғыдай ғимараттың ең жоғары қабаттарында отырып алып, министрліктер «сен мынаны оқы, мынаны біл» деп тапсырма бергендерін тыйғаны жөн. Тілдің иесі халықтың өзі екенін ұғындыра түсу аса қажет.

Қазіргі қазақ тілінің тағдыры оны басқаратын мемлекеттік ұйымның деңгейі мен оның құқықтық мүмкіндіктеріне де тікелей байланысты болмақ. Сондықтан ана тіліміздің бүгінгі қоғамымыздағы аса күрделі жай-күйін жан-жақты және терең түсіне отырып, ерекше құқықтық мүмкіндіктермен тікелей Президентке бағынатын тіл туралы күрделі мемлекеттік құрылым жасау қажет. Мұнсыз ана тілдік кеңістіктегі ғасырлар қалыптасқан күрделі қиыншылықтар шешілмейді.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**  
саяси ғылымдар докторы, профессор.

# ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ – ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ

Киелі Тайынша елінің топырағы таяқ тастасаң тал болатын құтты мекен. Әсіресе, ауданның агросаласында толымды тірлік көрінеді. Бұған жаз бойы тыным таппаған диқан еңбегінің нәтижесіне зер салғанда көзіміз жетті. Биыл да көктем шыға кетпенін күнге сүйдіріп еңбектенген шаруалар сенім үдесінен шыға білді. Халқымыз: «Жер жомарт, жерге енген ел жомарт, еңбек еткен ер жомарт», - деп тегін айтпаса керек-ті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз сөзінде ауыл шаруашылығына ерекше мән беріп, «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес», - деген болатын. Осы орайда диқан еңбегі қашанда марапат мінберінің алтын тұғыры. Төккен тер мен еткен еңбек еленіп жатса, тіптен ғанибет. Ал еткен еңбектің есебін беріп, ауыл шаруашылық саласын өркендетуге сүбелі үлес қосқан диқандардың даңқын асырып, дәрежесін көтеретін сәт – «Алтын күз». «Алтын күз» деп аталатын молшылық мерекесі ауданда ғана емес, республика көлемінде жыл сайын аталып өтеді. Бұл – тек тойлау ғана емес, ел етек-жеңін

ЖШС, етті бағыттағы: «Тайынша-Астық», «Вишневское», «Алабота асыл тұқым зауыты», «Жакупов» ШҚ). Ауданда ІҚМ асыл тұқымды мал бас бар. «Алабота асыл тұқым зауыты», бүгінгі таңда шаруашылықтың негізгі мақсаты – қазақтың ақ бас тұқымды сиырларын өсіруге ерекше ден қойып, оның сүттік және еттік бағыттағы өнімділігін арттыру. Бұл атаулы күннің жергілікті халық үшін маңызы зор. Өйткені осы күнге шаруашылық оңайлықпен келген жоқ. Соңғы 11 жылда шаруашылықты басқарып жүрген Е.С.Алпысов өз ісінің шебері, Қазақстан фермерлері қауымдастығы СҚО бойынша филиал басшысы. Мал шаруашылығының дамуына барлық жағдай жасалған. Соңғы жылдары заманауи үлгідегі 15 ферма бой көтерген, малшылар үйі де бар. Сонымен қатар, ауылдың келешегін ойлап, ауылдың инфрақұрылымына асхана, фельдшерлік пункт, асхана, футбол ойнайтын алаң, монша халыққа қызмет көрсетеді. Міне, осынау шаруашылықта өткен мерекелік іс шараға арнайы шақырылған меймандардың ақ тілектері мен шаруашылықтың

байқап көру жұмыстары жүргізілуде.

«Алабота» асыл тұқымды мал зауыты Солтүстік Қазақстан облысындағы ең көне және ең үздік мал шаруашылығы кәсіпорындарының бірі

Шаруашылықта цифрлық технологияларды қолданады. Ауыл шаруашылығы техникаларын GPS бойынша қадағалайды, бергіш датчик шығындарды, қарапайым техниканы және машина қай алқапта жұмыс істеп жүргенін көруге мүмкіндік береді.

Тоқтағы жұмыс та ең қызған кез, жаңа күзгі өнімдерді жинап, сұрыптауға дайындалуда. Ауыл шаруашылығы құрылымында өсімдік шаруашылығында да, мал шаруашылығында да жақсы жұмыс тәжірибесі жинақталған. Басшы әлі де жүре түзелетін жұмыстар бар деп санайды. Шаруашылықта бүгінгі күні қуатты өндірістік инфрақұрылым қалыптасқан, қызметкерлер үшін жағдай жасалған, әрине әлеуметтік салаға да ерекше көңіл бөлінуде. ЖШС басшылығы ауылда ФАП жұмыс істеу үшін үй-жай бөлді, оны жылумен қамтамасыз ету шаруашылық есебінен



жинап, дала жұмыстары демін басып, табысты таразылайтын шақ. Пейілін кеңге, қырманын дөңге салған диқандардың мерекесі де берекелі күзбен тұспа-тұс келеді. Биыл да «Алтын күз» мерекесін аудан диқаншылары жақсы көрсеткіштермен қарсы алып отыр.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ - 2022 жылдың 10 айында мал шаруашылығында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Былтырғы жылдың деңгейіне шаққанда 3,8% өсіммен 14,7 тонна ен өндірілді, сүт 70,6 мың тонна, өсім 3,0%, тауық жұмыртқасы 118,1 млн. дана немесе 102,8%.

Бүгінгі күні ауданда 7 асыл тұқым өндіруші шаруашылық жұмыс істейді (сүтті бағыттағы: «Тайынша-Астық» ЖШС, «Зеленые Луга» ЖШС, «Астық-STEM» ЖШС, «Донецкое Нұрлы жол»

алға басуына ерекше еңбек үлесін қосып жүрген азаматтарға арналған марапаттары, сыйлықтары мерекенің ажарын аша түсті. Қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малы жылдам жетіледі. Сондай-ақ етінің дәмдік сапасы жоғары. Оның үстіне күй талғамайды. Соңғы онжылдықта Солтүстік Қазақстан мал шаруашылығы және егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары «Алабота» асыл тұқымды мал зауыты» ЖШС мамандарымен бірлесіп, қазақтың ақбас тұқымды сиырының сапалық қасиеттерін жетілдіре түсу мақсатындағы ғылыми жұмыстарды біршама жетілдіре түсті. көрсеткіштері арта түсті, сауын сиырлар сүтті көп бере бастады. Жас мал тәулігіне 1000-1200 грамға дейін салмақ қосуда. Зауытта асылдандырылған малдың тағы бір желісін

жүзеге асырылады. Мұнда дәріхана, емшара кабинеті бар. Шаруашылық басшысы Ерлан Сапарбекұлы туралы өндіріс және әлеуметтік сала қызметкерлері де, механизаторлармен кездескен кезде, бір ауыздан үлкен сыйластықпен, біз бәріне ризамыз, жалақы жақсы, жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасалған, халықты тиімді бағалы нанмен қаматамыз ететін наубайханамыз да бар, деп басшы жайында ауыз толтыра айтады

Ауылдық округте жаңа жұмыс орындары ашылып, негізінде шаруашылықта жергілікті тұрғындар еңбек етеді. Президент, Үкімет, облыс әкімдігі белгілеген іргелі міндеттерді орындау бағытында арнайы бағдарлама қабылданды. Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі бірлескен жобалар аясында қаржылық,



несиелік жеңілдіктер беріліп, шаруашылық алға нық басты. «Алабота» азылтұқымды мал зауытының директоры, облыстық мәслихаттың депутаты -Ерлан Алпысов халықтың жағдайын жақсартып отыр.

Бүгінгі күні ауданымызда 7 сүт-тауарлы фермасы сүт өндіреді: «Тайынша-Астық» ЖШС, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС, «Донецкое Нұрлы жол» ЖШС, «Новый труд» ЖШС, «Астық-STEM» ЖШС, «АСАР» ЖШС, «Зеленые луга» ЖШС.

Жем қажеттілігімен қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 жылы малды қыстан ойдағыдай шығару үшін 103,0 мың тонна шөп, 59,4 мың тонна сенаж және 97,5 мың тонна сабан, 30,1 мың тонна силос дайындалды.

тыңайтқыштар, пестицидтер).Агроқұрылымдары орақ науқанын орташа шығымдылықпен аяқтады. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ бағытында ағымдағы жылы ауданымызда ауыл шаруашылығы саласында 3 инвестициялық жоба жүзеге асырылды: «Қаратомар ,«Шұғыла LTD» ЖШС ,«ЕМС Агро» ЖШС – шошқа кешені.

Міне, бұл мәліметтер ауданымыздың ауылшаруашылығы саласының бір көрінісі ғана. Кәсіпкерлікті дамыту – өзекті мәселе десек, осы бағытта «ЕМС Агро» ЖШС Тайынша ет комбинатының жаңа дүкені тайыншалықтар үшін өз есігін айқара ашты. Аталған дүкеннің ашылуы аудан тұрғындары үшін маңызды болып табылады, өйткені бұл жергілікті жердегі өндірушінің

бағасы бойынша сапалы өнім сатып алудағы таптырмас мүмкіндік. Дүкенде ет өнімдерінің түр-түрі бар, атап айтсақ ет деликатестері, ысталған ет, шұжықтың бірнеше түрі және тағы басқалар. Осылайша, ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасының ішкі нарықты жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің тұрғындарды қолжетімді бағамен, сапалы өніммен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері Тайынша ауданы бойынша сәтті жүзеге асырылуда деп анық айтуға болады. Адамзаттың бірінші сұранысы, әрине, күнделікті ішер тамағы. Елімізде тамақ өндірісімен айналысатын 2,1 мың кәсіпорын бар екен, ал соңғы он жылда сүт өнімдерін өндіретін орындар 2,7 есеге өскен. Сүт өнімдерін өндіретін компаниялар көп болғанымен, олардың сапасы әр түрлі деңгейде. «Лера - Nord» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудан орталығында алғашқы сауда нүктесін ашты. Бұл өндіріс орнының өнімдері осы уақытқа дейін сауда нүктесі болмаса да, ауданның барлық дүкендерінде және Нұр-Сұлтан, Көкшетау мен Петропавл қалаларында саудаланып келді. Енді, міне өз алдына сауда нүктесі болып алғашқы тұтынушыларын қарсы алды. - Саудамыз бірінші күннен-ақ қарқын алды, тауарларымыз жақсы өтіп жатыр. Дәл осылай бірінші күні саудамыз жүріп, ісіміз алға басады деп, шынымен де ойламаған едік. Бәсекелестіктен қорықпаймыз, өйткені біздің сүт өнімдеріміз сапалы, әрі бағасы да аса қымбат емес. Дегенмен, осы бизнесімізде өнімнің арзан болуына емес, сапасына көп мән береміз,- дейді директордың бүгінгі таңда міндетін атқарушы Л.А.Самойленко. Бұл бастаманы отбасылық кәсіп деп айтуға болады.

Тайынша ауданы өзіміздің аудан орталығында және жылда Астана қаласында өткен ауылшаруашылық жәрмеңкесіне қатысып, ауданымызда өндірілетін өнімдер ұсынылды.



Ауылшаруашылық құрылымдары жыл сайын машина-трактор құрамын жаңартылды. Астық қабылдау үшін ауданда лицензиясы бар нан қабылдау мекемесі мен жалпы сыйымдылығы 407,2 тонналық элеватор жұмыс істейді.

Ауылшаруашылық жұмыстарды жүргізуге (егін, орақ) ауылшаруашылық құрылымдарына арзандатылған дизель отыны ұсынылады, одан басқа бюджеттік субсидиялар түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі (инвестициялық субсидия, пайыздық үлесті субсидиялау, асыл тұқым және 1 репродукция тұқымын алуға,

## АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

*Облыс көлемінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекесі атап өтті. Ауыл шаруашылығы жылын қорытындыланды. Агроөнеркәсіп кешенінде ғажайыптардың болмайтыны белгілі: әрбір көрсеткіштің артында шаруалардың тынымсыз еңбегі жатыр.*

«Солтүстікқазақстандық диқандар республика бойынша үздік деп айта аламыз. Бұл жай ғана мақтау сөздер емес, өйткені еліміздегі бидайдың 25% бізде өседі. Майлы дақылдардың үштен бірі бізге тиесілі. СҚО — жұмыртқа өндіру бойынша көш басында. Сүт өнімдерінің төрттен бірін жергілікті зауыттар өндіреді. Бұл кездейсоқ емес. Жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Біз ел бойынша ауыл шаруашылығына ең көп инвестиция тартамыз. Жыл сайын өнімділігі жоғары техника алынып, тұқым жаңартылуда. Минералды тыңайтқыштарды ең көп енгізетін де біздің диқандар», -деп жазды өңір басшысы Құмар Ақсақалов элеуметтік желідегі парақшасында.

Мал шаруашылығында да жақсы жетістіктер бар. Қазірдің өзінде 22 сүт фермасын іске қосылды, биыл тағы 17-сін салытуда, жыл соңына дейін 8-і ашылады. Екі құс фабрикасы іске қосылды, келесі жылы тағы біреуі жұмысын бастайды.

Осының арқасында 10 айда ауыл шаруашылығы өнімі алғаш рет 1 трлн. теңгеге жетті.

«Бұл – ауыл еңбеккерлерінің ерен еңбегінің жемісі. Мен ауыл шаруашылығы саласының барлық қызметкерлеріне қажырлы еңбегі үшін алғыс айтамын. Мереке құтты болсын!», — деді облыс әкімі.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

*Ел экономикасында егін және мал шаруашылығы жетекші орын алатындықтан, ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлеріне құрмет көрсету игі дәстүрге айналды. Бұл күні агрономдар, механизаторлар, сауыншылар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының мамандары мен басшылары кәсіби мерекелерін атап өтті.*

Аудан әкімі Берік Әлжанов өңір диқандарын мерекелемен салтанатты түрде құттықтады. «Кәсіби біліктілігіңіз бен жауапкершілігіңіз үшін, өз ісіңізге деген шынайы сүйіспеншілігіңіз үшін алғыс білдіргім келеді. Сіздерге зор денсаулық, отбасылық бақыт, береке-бірлік, жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Әр шаңырақта бейбітшілік, ынтымақ, береке болсын!», — деді Берік Ақылжанұлы өз сөзінде. Сонымен қатар аудан әкімі бір топ азаматқа медальдар мен грамоталар табыс етті. Олардың қатарында отбасында ардақты ана, ал жұмысында озық қызметкер нәзік жандар да болды. Олар: «Ақжар және СО» ЖШС-нің есепшісі Қарлыға Тоқужинаова, «Петровка КЗ» ЖШС-нің өндіріс жетекшісі – В.И.Жигадло, «Лера - Nord» ЖШС-нің бас технологиясы А.Ю.Василевская және «Рощинск - 2016» ЖШС-нің директоры К.Ж.Қажебаева болды. Мерекелік концертке қатысушылар облыстық филармонияның өнерпаздарының өнерін тамашалады.

## ҚҰТЫРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Құтыру – жануарлар мен адамдарға ауру адамдардың сілекейімен тығыз байланыста – тістегенде, тырнағанда, сондай-ақ малдың сілекейімен зақымдалған тері мен шырышты қабаттардың ластануы арқылы берілетін вирустық сипаттағы жұқпалы ауру. Вирустың тасымалдаушылары негізінен жабайы жануарлар, олардан ауру үй жануарлары мен адамдарға жұғады. Соңғы уақытта жарқанаттар дүние жүзінің кейбір бөліктерінде (мысалы, Америка мен Австралияда) маңызды эпидемиологиялық резервуарға айналды. Жануарлардың жұқпалы ауру кезеңі клиникалық белгілер пайда болғанға дейін 3-10 күн бұрын басталып, бүкіл ауруға созылады.

Эпидемиологиялық маңызы бар жабайы жыртқыштар (еңот иттер, қасқырлар, түлкілер), сонымен қатар иттер мен мысықтар. Ірі қара мал, жылқы және басқа да шөпқоректілер құтыру ауруын жұқтырады және вирусты басқа жануарлар мен адамдарға жұқтыруы мүмкін.

Жануарлар ауруының маңызды белгісі мінез-құлықтың өзгеруі болып табылады:

- ашулы жануар ерке болады, иесінің бетін жалауға тырысады;
- жақсы – ашулы, тітіркендіргіш, иесінің шақыруына бармайды, қараңғы бұрыштарға тығылады;
- жануар өзінің сүйікті тағамынан бас тартады, бірақ жеуге болмайтын заттарды (ағаш, тас, т.б.) жұтады, кез келген нәрсені кеміреді;
- қозу кезеңінде жануар басқаларға кірпік қағады.

Сырттай ауру жануарды мол сілекей мен лакримац-иямен ажыратуға болады.

Ауру жабайы жануарларда адаммен қарым-қатынас жасау ниеті тән өзгеріс болады: сау жабайы жануар ешқашан адамға өз еркімен бармайды және кез келген жақындауға әрекеттеніп қашады.

Адамдардағы құтыру ауруының инкубациялық кезеңі әдетте 10 күннен 2 айға дейін болады, дегенмен оның 5 күнге дейін қысқаруы және 1 жылға немесе одан да көп ұзару жағдайлары белгілі. Аурудың алғашқы белгілері зақымдану орнында бұлшықеттердің жиырылуы, қышуы, нервтердің бойындағы ауырсыну түрінде пайда болуы мүмкін. Аурудың басталуында негізсіз мазасыздық, қорқыныш, жарық пен дыбыс тітіркендіргіштеріне сезімталдықтың жоғарылауы, төмен дәрежелі қызба байқалады. Кейіннен гидрофобия шабуылдары қосылуы мүмкін: су құйылған дыбыстармен, ішуге тырысқанда, жұтқыншақтың және кеңірдектің бұлшықеттерінің ауырсынатын спазмы. Күн сайын ауру дамиды, сал ауруы дамиды. Өлім тыныс алудың тоқтап қалуынан және жүрек-қан тамырларының жұмысынан болады.

Сіз бірнеше қарапайым ережелерді біліп, орындасаңыз, өзіңізді және басқаларды құтырудан қорғай аласыз:

- Үй жануарларын (иттер, мысықтар) ұстаудың белгіленген ережелерін сақтау және жыл сайын құтырмаға қарсы профилактикалық егу жүргізу үшін үй жануарларын тұрғылықты жері бойынша ветеринариялық пунктке әкелу қажет;

- Үй жануарының мінез-құлқы өзгерген, басқа жануардан зақымданған, себепсіз өлген жағдайда, бақылау орнату немесе жануардың өлу себебін анықтау үшін ветеринарға хабарласу қажет;

- Балалар жануарлардың шағынан жиі зардап шегеді, сондықтан олармен үнемі түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жануарлармен, әсіресе жабайы немесе қараусыз қалған жануарлармен қажетсіз қарым-қатынастан аулақ болуға тырысу керек. Балаға жануарлардың кесірінен жеңіл жарақаттар болса да, ересектерге хабарлау қажеттілігін еске түсіру керек;

- Елдегі, ормандағы, көшедегі жабайы және қараусыз қалған үй жануарларын жинамау керек немесе аз уақыт ішінде мал дәрігеріне көрсетіп, құтырмаға қарсы екпе салуға мүмкіндік таппау керек;

- Адамды тістеген немесе тырнап алған жануарды тастауға болмайды. Мүмкіндігінше оған он күндік байқау белгіленсін;

- Ауылдық жерлердегі жеке аулаларда, елді мекендер аумағында жабайы жануарлар пайда болған кезде барлық сақтық шараларын қабылдап, өзіңіздің және жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуіңіз керек, өйткені сау жабайы жануарлар, әдетте, адамдармен кездесуден аулақ болады;

- Егер жануармен, тіпті сыртынан сау болса да, жанасуды болдырмау мүмкін болмаса, жараны мүмкіндігінше тезірек өз бетінше алғашқы өңдеуді жүргізу керек - жара бетін 15 минут бойы су және сабын ағынымен мұқият жуыңыз. , жараның шеттерін 5% йод тұнбаларымен өңдеңіз және дереу медициналық мекемеге хабарласыңыз. Тек дәрігер құтыру вирусын жұқтыру қаупін бағалай алады және қажет болған жағдайда иммундау курсына тағайындай алады.

Мұндай құтыруды емдеу мүмкін емес. Егер ауру бірінші кезеңде болса, өлімге әкелетін нәтижеден басқа нәтиже болмайды. Дегенмен, бүршікте өлтіру арқылы аурудың алдын алудың жолы бар. Бұл спецификалық алдын алу әдісі – құтыруға қарсы арнайы вакцинаны шаққан сәттен бастап 14-ші күннен кешіктірмей енгізу. Есіңізде болсын, тек уақтылы медициналық көмекке жүгіну және құтыруға қарсы вакцина жүргізу құтырудың алдын алады!

**Марат ТОҚУЖИНОВ,**  
Тайынша ауданы орталығындағы  
«Ветеринарлық станциясы» шаруашылық  
жүргізу құқығымен мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорынының директоры.

Обязательное социальное  
медицинское страхование



Міндетті әлеуметтік  
медициналық сақтандыру

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ПАЦИЕНТТЕРДЕН 5,5 МЫҢНАН АСТАМ ШАҒЫМ ҚАБЫЛДАДЫ

2022 жылдың 1-тоқсанында әртүрлі байланыс арналары арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 208,5 мың өтініш келіп түсті, оның 5,5 мыңнан астамы – медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне байланысты шағымдар.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының міндеттерінің бірі пациенттердің құқықтарын қорғау болып табылады. Күн сайын Қор келесі ресми байланыс арналары арқылы өтініштерді қабылдайды:

- 1406 байланыс орталығы,
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы,
- fms.kz ресми сайты,
- Telegram-дағы @SaqtandyrBot.

Талдау көрсеткендей, байланыстың ең сұранысы жоғары тәсілі 1406 байланыс орталығы болып қала береді – қысқа нөмір арқылы өтініштердің 83%-ы келіп түсті. Екінші орында – Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы.

«Қорға көбінесе Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының, Ақтөбе, Ақмола облыстары мен Шымкент қалаларының тұрғындары жүгінеді. Қостанай облысының тұрғындары сирек кездеседі. Өтініштердің негізгі бөлігі консультативтік сипатта болады. Өтініш берушілер жарналар мен аударымдарды қалай төлеу керектігін, МӘМС бойынша медициналық көмекті алу үшін қандай кезеңдерде төлем жүргізу керектігін сұрайды», – дейді Қордың заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау департаментінің директоры Забира Оразалиева.

Қорда атап өткендей, бірінші тоқсанда 5,5 мың шағым түскен. Пациенттер медициналық көмектің сапасыз көрсетілуіне немесе одан бас тартылуына, консультациялық-диагностикалық қызметтерді ұзақ күтуіне, тар бейінді мамандарға жазбаның болмауына шағымданды.

«Шағымдардың негізгі себептері-тағайындалған емдеумен, қойылған диагнозбен келіспеу, дәрігердің медициналық қызметтерге жолдама беруден бас тартуы, бейінді дәрігердің консультациясын немесе диагностикалық тексеруді күту, өңірде қажетті мамандардың болмауы. Қор әрбір шағым бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізуде. Біз пациенттерді өз құқықтарын білуге және олар бұзылғанда, жағдайды сол жерде шешу үшін алдымен медициналық ұйымның өзінде Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне жүгінуге шақырамыз. Бұл қызметтер барлық емханалар мен ауруханаларда бар. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, Қорға жүгіну қажет», – деп Забира Оразалиева атап өтті.

Өтініштерді талдау қорытындылары бойынша пациенттердің құқықтарын бұзу жағдайларын болдырмау немесе алдын алу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры клиникалармен қажетті жұмыстарының бағыттарын анықтайды. Бұл үшін Қор апта сайын семинарлар ұйымдастырады, медицина қызметкерлерін оқыту бағдарламаларын түзетеді, тестілеу өткізеді, қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

Медициналық ұйымдарда қызмет көрсету сапасын жақсарту және медициналық қызметкерлер мен тіркеу, анықтама қызметтерінің МӘМС жүйесінің жұмысы және медициналық қызметтер туралы білімдерін тексеру үшін Қор тұрақты түрде «Жасырын пациент» акциясын өткізеді. 2022 жылдың 1 тоқсанында Қордың 650 жеткізуші – медициналық ұйымдарының анықтама, тіркеу және call-орталықтарына қоңырау шалынды. Түркістан, Батыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласының медицина қызметкерлері медициналық көмек көрсету бойынша ең жақсы білімдерін көрсетті.

Медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеру және жүргізілген төлемдер туралы Медициналық сақтандыру қорының «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы мен Telegram-дағы @SaqtandyrBot арқылы біле аласыз, немесе ҚР және egov.kz электрондық үкіметі сайтының «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметіне тапсырыс бере аласыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

## ҚАЗАҚ ШАШТЫ КИЕЛІ САНАЙДЫ...

Адам көркі - шаш. Қазақ шашты киелі санайды. Оған бұрыннан келе жатқан қазақтың ырым-тайымдары дәлел болады. Varibar.kz қыз бұрымының киесі мен оны күту жолдары туралы әңгімелейді. Бұл жайында бізге шашын кішкентайынан өсірген, қазір де бұрымын сақтап жүрген қария әжей Айсұлу Жандосова толық айтып берді.

Отбасымызда 2 қыз, 6 ұл болды. Анам кішкентайымыздан «қыздың көркі — шаш» деп екеуіміздің шашымызды өсірді. Мектепке алғаш баратын кезде де шашымыз ұзын болатын, анам өріп, ұшына лента байлап беретін. Мектеп бітіргеннен кейін Қызылордадағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищеге оқуға түстім. Жатақханада 4 қыз тұрдық. Басқа қыздар түрлі шаш үлгісін жасайды. Мен оларға қызығып, қолаң шашымды қиямын деген шешім қабылдадым. Бірақ анам рұқсат бермеді. Бұрын қазақ қыздары белінен асқан шашты кесуді жаман ырым санаған. Себебі, ұзын шашты орынсыз кесу адамның жолын кесіп, қасіретке ұшыратуы мүмкін.

Анам «шаш қию ойыңа да келмесін, қиятын болсаң, шашың өскенше үйге келме!» деп ұрысты. Сөйтіп, демалыста үйге бардым. Мен келе сала анам шашымды қиып тастады деп қорықса керек, бірден басыма қарады. Мен қимаған едім. Студент кезімде үнді фильмін көргенді жақсы көрдім. Сондағы үнді қыздарының ұзын шашын өріп немесе түйіп қойғанын көріп қызықтым. Соларға қарап шашыма әртүрлі әдемі үлгі жасап жүрдім. Шыны керек, ұзын шашты қыздар басқа қыздарға қарағанда әлдеқайда әдемі болады.

«Түскен шашты құс іліп кетсе, бас ауруына шалдығасың» деген сөз бар. Бас ауруына шалдықтырмағанымен мұның расында да зияны көп екен. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романында тарақ-тан түскен шашты отқа жағуға болмайтыны жазылған. «Шашты өртесе, анасының отқа күйген иісін бала танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау», — деп шырылдайды екен. Анамызды құтқарып аламыз деп, өздері де тамұқ отына түсіп кете жаздай-ды» деп шаштың киесі туралы анық түсіндірген.

Шашты кез келген жерде тарауға болмайды. Ол қай жерде де ерімейді, өзімен-өзі жойылмайды. Сондықтан

тарағаннан кейін оны жинап алу керек. Өзім шашымды ешқайда тастаған емеспін. Қазіргі күнге дейін жинап жүрмін, бір жастық болатын көлемде жиналды.

Қыздардың шашын жайып жүруі де жаман ырым деп жатады. Қазақта әйел тек күйеуі қайтыс болғанда шашын жайып жылаған. Әйелдер жоқтау айтып жылағанда шашын жайып жіберіп жыласа, ішіндегі шері тарқайды деп ырымдаған. Енді шаш күтімі жөнінде кеңестерге оралатын болсақ, шашты ең біріншіден таза ұстап, уақытында тарап тұру керек. Менің шашымда қазіргі күнге дейін қайызғақ жоқ. Мен бұрын шашымды кірсабынмен де жуа беретінмін. Бұрын қазақтар сүйек пен сексеуілдің күлін қайнатып сабын жасаған. Оны «заңар» деп атайды. Оның күші сусабынмен тең, өте сапалы, кірді де, шашты да жақсы ашады. Аптасына 3 рет жуса, көптік етпейді. Негізі ұзын шашты ұшынан бастап тараса, шаш тез жазылып, түсуі азаяды. Мен шашымды өмірімде тек қынамен бояп көрдім. Химиялық бояулар шашты құртады. Бұрын жаңбырдың суымен жуса, жақсы болады дейтін. Өзім де жуып көрдім, шаш жарқырап, сусылдап тұрады. 9 немере қызы бар Айсұлу Жандосова барлығының да шашын өзінің қадағалауымен кішкентайынан өсіріп келеді. Бала «айтқанды емес, көргенді істейді» деген бекер сөз емес. Томирис Мүсірәлі де әжесіне еліктеп, шолпы тақпаса да, бұрымын өріп жүргенді ұнатады. Мен де әжемдікіндей етіп, шашымды өсіргім келеді. Мектепке барған сайын шашымды әртүрлі етіп өріп қоямын. Мектепте өзімнен аттас Томирис деген құрбым бар. Сыныпта екеуіміздің ғана шашымыз ұзын. Басқа құрбыларымыз бізге қызығады.

Қазақ бұрымды киелі санап қана қоймай, оны ардың белгісі санаған. Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңнамасының үшінші тағаны «Кек пен жаза» деп аталады. Мұндағы түрлі қылмысқа қатысты жазалардың ішіндегі ең ауыры – өлім жазасы. Содан кейінгі ауыр жазалардың бірі – бұрымын кесу. Нәпсісін тия алмаған еркектің атының құйрығын кесіп, ардан аттаған қыздың немесе күйеуінің көзіне шөп салған әйелдің бұрымын кескен.

Мейірім  
Бақытжанова, журналист.



# РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ



Биыл есімі әлемге танылған әнші Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы еліміздің барлық өңірлерінде атап өтілуде. Мерейтой Ресейде де тойланады. Ресей астанасы Мәскеу қаласында халықтың сүйікті әншісінің құрметіне фотокөрме ашылып, мерекелік концерт өтті. Іс-шараға Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, зиялы қауым мен қазақ диаспорасының өкілдері қатысты.

«Осындай ірі іс-шаралар Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де өткізіліп жатқаны қуантады. Мұнда ұсынылған фотосуреттердің әрқайсысы Роза Бағланованың мағыналы өмірінің жарқын сәттерін ғана емес, сонымен бірге бүкіл дәуірдің өрлеуін де бейнелейді», деді министр көрменің ашылуында.

Фотокөрмеде әншінің өмірі мен шығармашылығын бейнелейтін 30-дан астам бірегей фотосурет ұсынылған. Көрме 7 бөлімнен тұрады: «Бірінші Роза», «Соғыс жылдарындағы ерлік пен даңқ», «Шығармашылық шыңы», «Әр ән - жауһар», «Бүкіл әлемді жаулап алған Розам», «Қоғамдық-саяси қызмет» және «Халық сүйіспеншілігіне бөленген жарқын өмір».

Айта кетсек, бұлбұл әншінің 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізілген, ал қазан айында ұйымның штаб-пәтерінде Роза Бағланованың құрметіне үлкен концерт өтеді деп күтілуде. Ал қараша айында Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық вокалистер байқауын өткізу жоспарлануда.

«Роза Бағланова - дәуір символы және халықтың сүйіктісі. Қазалы өңірінен шыққан тұма талантты қазақ халқының музыкасы мен Қазақстан композиторларының шығармашылығын елімізден тысқары жерлерге танымал етуге және танытуға қосқан зор үлесін айтпай кетуге болмайды. Роза Бағланова Ұлы Отан соғысы жылдарында концерттік бригада құрамында Қызыл Армия жауынгерлерінің алдында ән айтып, майдан даласынан жараланғандарды алып шықты. Бейбіт уақытта да Роза Тәжібайқызы бүкіл әлемге ән шырқап өнер көрсетті, қоғамдық істермен белсенді айналысты, қайырымдылық шараларына қатысты», деп атап өтті Дәурен Абаев мерекелік концертте сөйлеген сөзінде.

Ботакөз БАҚБЕРГЕН.  
Egemen.kz.



## ҰЛТТЫҒЫМЫЗДЫ ҰМЫТПАУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Қазағымыздың кеңпейілділігін, жомарттығын, қонақжайлығын дәріптеген дәстүрлердің бірі – ерулік беру еді. Заманның өзгеруі осы ата-баба дәстүрінен, ұлттық құндылығымыздан алыстатып жіберген сияқты. Мұқым елге Майлықожа ақын: «Қоғамды бол қонсыңа, Жыландай шағып ысқырма», – деп насихат айтқан. Насихат азайып, тіршілік талабымен қабыспай қалыс қала берсе қаншама дәстүрімізден жүрдай боларымыз сөзсіз. Желісі үзіліп қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғырту, бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру, сол арқылы ұлттығымызды ұмытпау – өз қолымызда.

Қазіргі таңда көп ішінде көршілерге бас сұқпайтын кереғар жағдай қалыптасты. Тіпті, олармен араласпайтындығын, танымайтындығына таң қалмайтын болдық. Көршіге көрсетілер сый-құрметтің азайғаны қазақ өміріне сіңген, халыққа мерейлі дәстүр ерулікті елдің ұмытқандығының салдары ма, дерсіз. Өйткені, ел мен елдің танысып, жақындаса түсуінің де дәнекері болған бұл салт қазақпен бірге туып, біте қайнасып келді. Сондықтан, «Көшкен елдің көмеші болса, еру елдің ерулігі бар» деп құрмет көрсеттік. Әлі есімде, бала күнімде Баянөлгейден келген қандастарымыз көшіп, біздің ауылға іргелес қонды. Сонда Базар атам мал сойып, қазан көтеріп, қандас бауырларды бала-шағасымен үйге шақырып дәм татырды. Бір қойды сойып, үйіне апарып берді. Сонымен қатар, сауып, сүтін ішіңіздер деп, екі сиырды есігінің алдына байлады. Сол күннен көңіл-ниеті жарасып, бір-бірімізге бауыр басып кеттік. Әсіресе, біз балаларымыз ажырамас досқа айналдық. Бір үйдің балаларындай бірге жүрдік. Кейін қыстауға көшерде сол көршілерді қимай қоштастық. Ерулік жайлы ел ағаларының да айтары аз емес. Құбылмалы заман көптеген ұлттық құндылықтарымызды жойып жібергендігін де жасырмайды. – Көшпелі халықтардың қонақжай болғаны ертеден белгілі. Көшпелі қазақтардың өмір салты көшіп-қону болғандықтан, оларға тән әдет-ғұрыптар, ережелер, салт-дәстүрлер қалыптасқан. Осылай орын ауыстырудың қиын жақтарын адамдар бір-біріне көмектесу арқылы жеңілдеткен десек те болады. Осыншама қазақтың кең жазира жазық жерде көшіп-қонуының жеңіл болу себебі – ерулік сияқты дәстүрді сақтаған. Тіпті, бір жайлаудан келесі жайлауға орын ауыстыру ұзақ уақыт алғандықтан, алыстаған жерге жету үшін жүгім жеңіл болсын деп көшушілер ешқандай азықтүліксіз жолға шыға берген. Оларға жақын маңды мекендегендер ерулік берген. Тарихты парақтасақ, Арқадан Жетісуға келіп, хан Кене ордасын тіккенде осы дәстүр сипат алған. Абылайдың арыстан жүректі немересін ардақ тұтып, сыйлаған халық Жетісудың ығайы мен сығайы оның құрметіне ту бие сойып, той жасап, ерулік беріп, тарту-таралғы ұсынған. Сондықтан, ерулік беру – ас ішіп, аяқ босату емес, тамырлас елді бірлікке шақыратын тәлімі мол дәстүр, – дейді тарихшы Дәулет Қожақов. Халқымыз «Алыстағы ағайыннан жақындағы көрші артық» деп ерекше қастер тұтатын жанымыздағы жандарды жатырқайтын әдет тапқан біздер ерулік бермек тұрмақ, көршімен сөйлесуге қауіптенетін жағдайға жеттік. Мұндайда, алыстан жер аударылған өзге ұлт өкілдерін бауырына басып, бүтінді беле, жартыны жара жеген үлкендердің ізгілікті ісі ойға оралады. Тарих тоғыстырып, тағдыр табыстырғандар қатарында Қазақстанды төл Отаны санайтындардың көп болуының себебін ата-бабалардың осындай асыл амалдарымен ұштастыруға болады. Ұстаным ұстынын ерулік сынды дәстүрмен дәріптесек, ұтарымыз көп, ұрпаққа береріміз мол болар еді.

Нұрдос КӘРІМ,  
журналист.

## АУЫЛДАРДА СПОРТТЫ ДАМУҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев ауылдық жерлерде жұмыс істейтін спорт нұсқаушыларымен кездесті. Мамандар ауыл спортын дамыту және жергілікті жерлерде озық тәжірибе ұсыну, балалар мен жасөспірімдер арасында облыстық және аудандық, ауыларалық жарыстар өткізу, жаңа спорт нысандарын ашу, еңбекақыны көтеру сияқты салаға қатысты мәселелер мен ұсыныстарды талқылады.

Кездесу «Ауыл алаңынан – Олимпиада тұғырына» атты ауылдық спорт нұсқаушыларының I конференциясы аясында өтті. Қазір ауылдық жерлердегі спорт мектептерінде білім алатын 257 749 бала мен жасөспірімді, спорттық клубтарға баратын тағы 15 322 жасөспірімді, түрлі спорттық секциялармен қамтылған 40 578 баланы және білім беру ұйымдарындағы 32 812 студентті 4 мыңнан астам жаттықтырушы тәрбиелеуде. Сондай-ақ ауылдарда

3 мыңнан астам спорт нұсқаушысы жұмыс істейді.

**«Ауыл спортының негізгі қозғаушы күші – сіздер. Нұсқаушылар болашақ чемпиондарды тәрбиелеп қана қоймай, мыңдаған бала мен жасөспірім арасында спортты танымал етуге атсалысып келеді. Ауыл спортын дамыту үшін барынша жұмыс істеу керек. Алайда, қалыптасқан жүйеде қордаланған мәселе бар екені жасырын емес. Мысалы, нұсқаушылардың еңбекақысы көтерілген жағдайда бюджетке қандай жүктеме болады, нақты қандай міндеттемелер қойылған, кім қадағалап жауап береді, ауыл кадрлары кімге бағынуы керек және тағысын тағы. Даму үшін жүйелі түрде жұмыс істеу қажет»,** - деді Дәурен Абаев.

Айта кетейік, министр Республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығына жергілікті жерлердегі жағдайды зерделеп, тиісті жұмыс жүргізуді тапсырды.

## ШЕРТПЕ КҮЙ ДӘСТҮРІН МЕНГЕРГЕН ҮЗДІК ДОМБЫРАШЫЛАРДЫҢ ЕСІМІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Алматыда «Шертпе күй» республикалық дәстүрлі музыка байқауының жеңімпаздары марапатталды. Жарыстың басты мақсаты – дарынды жас домбырашыларды анықтау, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, сондай-ақ ұлттық мәдениетті дамыту.

Байқауға 16 мен 35 жас аралығындағы талантты домбырашылар қатысты. Бас жүлде үшін 45 күйші бақ сынады. Бірнеше күнге жалғасқан фестиваль жеңімпаздарын Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев құттықтап, шығармашылық табыстар пен жарқын жетістіктер тіледі.

**«Қазақтың шертпе күйі – ұлттық музыкамыздың ең құнарлы қазынасы. Оның тарихы, дәстүрі сонау көне замандардан бастау алады. Жалпы қазір дәстүрлі күй мен домбыраның насихаты, оған деген қызығушылық жыл санап артып келеді. Мысалы, бүгінгі таңда тек «Artsport» бағдарламасы шеңберінде 643 домбыра үйірмесі жұмыс істейді, оған 26 мыңнан астам бала қатысып жатыр. Бұл – күй өнеріне деген ерекше ықыласты көрсетсе керек. Сол сияқты арнайы музыкалық мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында домбыра**

**үйренушілер жылдан-жылға көбейіп келеді. Біз әрі қарай да қазақтың ұлттық дәстүрлі музыка өнерін дамытуға бағытталған игі іс-шараларды жалғастыра береміз»,** – деп атап өтті Дәурен Абаев.

Сонымен, байқау нәтижесі бойынша Мадияр Сүлейменов бас жүлде иегері атанып, 1 миллион теңге көлеміндегі сыйақымен марапатталды. Ал фестивальдің бірінші орын иегерлері – Нұрғали Төлеби мен Құдайбергенов Дарын 750 мың теңгеден иеленсе, екінші орынға Сырым Шонбаев пен Ардақ Елеусіз жайғасты, оларға 500 мың теңге бұйырды. Үшінші орынды Тұрсынбек Ілияс, Бекет Бексұлтан, Жарқыннұр Ержанат иеленіп, әрқайсысы 300 мың теңгеден алды. Ал Мәулетбек Лунара мен Нұржан Ілиясов «Үміт» арнайы дипломымен марапатталды. Жанту Дадабаев, Саматова Айымгүл, Тілеубек Инжу, Тоқтаров Дастан, Талапхан Ерболат фестивальдің дипломанттары атанып, арнайы ақшалай сыйақы иеленді.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің  
баспасөз қызметі.

# ОТ ПЕН ЖАЛЫНҒА ОРАНҒАН 1418 КҮН МЕН ТҮН...

Оның әр минуты, әр сағаты қауіп-қатерге толы болғанын сол жылдары қолына қару алып, Отан қорғауға аттанған майдангер ағаларымыз бен апаларымыз жақсы біледі. Жеңіс оңай келген жоқ. Жұдырықтай жұмылып, анталаған жауға қарсы тұра білгеннің арқасында ғана мүмкін болды. Асқан ерлік көрсетіп, Жеңіс күнін жақындатқандардың ішінде қазақстандықтар да көп еді. Жазушы Илья Эренбург «Қазақтар» публицистикалық мақаласында: «Біз шабуылға шығып едік. Қоңыр түсті жауынгерлер бізге қарсы ұмтылды. Олардың қасарысып алысқаны сонша, біз шыдай алмадық. Бізде бір үрей пайда болды да, кейін шегіндік. Кейін бізбен соғысқандар қазақтар екендігін айтты. Мен бұрын мұндай халық бар екенін білмейтін едім» деп тұтқынға түскен бір фашисттің сөзін келтіреді.



Ұлы Отан соғысы жылдарында ұшқыштарымыз майданның алғашқы сағаттарынан-ақ, ұрысқа кіріскен. Ұшақтар әуе шекарасын қорғау үшін ұшады. Ерлік пен қаһармандықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткендердің алдыңғы шебінде ұшқыштар жүреді. Жалпы, бұл соғыста жажүрек 2420 ұшқыш Кеңес Одағының Батыры атанған. Даңқты ұшқыштардың қатарында жерлестеріміз де аз болған жоқ. Қазақстаннан майданға аттанған мына ұшқыштар Кеңес Одағының Батыры атағын алған: Талғат Бигелдинов, Нуркен Әбдіров, Николай Должанский, Спартак Маковский, Константин Малин, Николай Маркелов, Вячеслав Медноногов, Гумер Миннибаев, Евгений Михайленко, Григорий Михеев, Василий Москованко, Плис (ұлы қазақ) Нұрпейісов, Иван Омигов, Лев Рошин, Николай Самароков, Федор Самонов, Петр Теряев, Евгений Токомоков, Григорий Черкашин, Петр Шевцов. Қызығы сол соңғы аталған әуе қыраны қазақстандық ұшқыштардың арасынан алғашқы болып 1937 жылы 22 қазанда Испания жерінде фашизммен күресте көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған әрі Ұлы Отан соғысына қатысқан. Солардың қатарында араға ұзақ жылдар салып барып ұлы ерлігі мойындалған Бақтықораз Бейсекбаев пен Хиуаз Доспанова бар («Егемен Қазақстан». 2005, 16 ақпан).

Хиуаз Қайырқызы Доспанова – 15 мамыр 1922 жылы Гурьев (Атырау) облысы, Ганюшкино (Құрманғазы) селосында дүниеге келген. Хиуаздың замандастары барынша арманшыл болатын. Мәселен, америкалық Чарльз Линдберг Атлантикадан Еуропаға қонбай ұшқаны сол еді, кеңестік ұшқыш Валерий Чкалов Еуропадан Америкаға Солтүстік по люс арқылы ұшып барып, одан да асып түсті. Сондықтан да болар, сол кездегі бала атаулы «Чкалов боламыз» деп армандады және соған ұмтылды. Солардың бірі Орал қаласындағы №1 мектепте оқитын Хиуаз Доспанова еді. Ол да өзінше ұшқыш болуды армандады. Бірақ, Чкалов секілді бола алмаймынау, ол ер адам ғой деп өкініп жүргенінде, Валентина Гризодубова, Галина Осипенко және Марина Раскова үшеуі Мәскеуден Қиыр Шығысқа дейін қонбай ұшып, Хиуаздың «ұшқыш болсам» деген арманын шындай түсті. Енді Хиуазға еліктейтін адам табылды. Балалар: «Чкалов боламыз» десе, қыздар: «Раскова боламыз» дейтін болды. Сол арман Хиуазды қаладағы аэроклубқа алып келді. Жақсы оқитын, жігерлі де белсенді қыз 1940 жылы мектепті үздік бітіріп, аттестат пен қоса запастағы ұшқыш деген куәлік те алып шығады. Сөйтіп, Мәскеуге жол тартып, Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түсуге тырысады, бірақ, жолы болмайды. Бұған жасымаған Хиуаз Мәскеудің №1 медициналық институтына оқуға түседі. Сабақты жақсы оқумен қатар, ол спорттық гимнастиканы да айналысып, әрі қоғам жұмысына белсене қатысады. Бір жыл өте шығып, жазғы сессия басталады. Каникулға енді-енді шығайын деп тұрған күндердің бірінде соғыс басталады. (1941 ж. 22 маусым.)

Елін сүйген патриот қыз өзге құрбылары секілді демалыста үйіне кетпей Мәскеу қорғанысына қатысу жұмыстарына қалады. 1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылы басталады. Ақылы, парасаты биік Хиуаз бүкіл ел соғысқа аттанып жатқанда өзінің алаңсыз жүріп, сабақ оқи алмасын біледі. Майданға сұранып, медбике, тым болмаса санитар болып кеткісі келіп жүрген бір күні атақты Марина Раскованың қыз-келіншектер авиаполкін құрғалы жатқанын естиді. Хиуаз алдыңғылардың бірі болып атақты М.Расковаға келеді. Өтініші құпталып, полкқа қабылданады. Сөйтіп, Хиуазды Саратовтың әскери-әуе училищесіне жібереді. Мұнда штурмандар дайындайтын сыныпты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау позицияларын бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады. Полктің командирі, аға лейтенант Е.Вершанская болатын (Тарихи тұлғалар. А., 2008. 356-357-б.).

Хиуаз қызмет еткен полк Оңтүстік майданда Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысады. По-2 деп аталатын жеңіл, бомбалағыш ұшақтардың міндеті алдын ала белгіленген жау құрамалары шоғырланған жерлерді бомбалап қайту еді. Штурман ретінде Хиуаздың жұмысы ұшақты нысана үстіне дәл әкеліп бомбалау еді. Сонымен бірге, ұшаққа жау истребителі шабуыл жасаса, пулеметтен оқ борату. Ал, егер, ұшқыш командир жараланса, не оққа ұшса, өз кабинасындағы штурвалмен ұшақты да басқару. Міне, сондықтан да штурманның ролі ерекше болды. Әр адамды тәнті етіп, еріксіз бас игізетін ұшқыштардың қайрат-жігеріне елі шын сүйсінеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік пен шайқасқан қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы Хиуаз Доспановаға 2004 жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Халық Қаһарманы атағының берілуі осы шын сүйіспеншіліктің көрінісі. 20 жасында-ақ, соғысқа өз еркімен сұранып кетіп, бомбалаушы ұшағымен соғыстың ақырына дейін жаумен шайқасып, жеңісті жақындата түскен. Түнгі бомбалаудың тың тәсілін өмірге әкеліп, жаудың жанын түршіктірген шынашақтай қазақ қызының жау тылына жасаған 300-ден аса әуе шабуылы тұтас ерліктің құймасы тәрізді. (Айбын. Энциклопедия. А., 2011. 276-б.). 14 рет ұшағы құлдылап жерге құлаған, аяқ- сүйектері быт-шыт болып екі мәрте ауыр жарақат алған. Бірақ, соның бәрінен де аман қалған қыз әуеге қайта көтерілген. Ұшқыштың әскери сапары ылғи сәтті бола бермейді. Хиуаз Доспанова өз естелігінде осындай бір оқиғаны былайша еске алады: «Стояли мы в Краснодаре, работали на ст. Крымская. Погода была жуткая. Немцы свирепствовали. Пошли на цель, отбомбились, идем обратно, своего аэродрома не видно, я говорю Юле (летчик Пашкова) «мигни огнями» только мигнули, за нами истребитель противника. Преследовал до аэродрома. Мы быстрее на посадку и тут опять катастрофа – столкнулись два самолета. Помню треск, шум, попыталась вылезти из самолета и упала без сознания. Оказывается, у меня было шесть переломов в ногах. Долго была без памяти, кричала Юле. Пролетела шесть месяцев на спине, глаз тоже не видел. Свет не мил. К самолету питала отвращение. Меня хотели перевести из одного госпиталя в другой на самолете. Я в слезы не хочу на самолете... Смерть Юли Пашковой, а также Дуси Носаль от меня скрывали. Врачи уговаривали, что поправлюсь, отдохну и буду заканчивать институт. О том, чтобы я попала в полк, не могло быть и речи. Когда я почти совсем поправилась, Галя Докучович рассказала мне о гибели девушек. После поправки я настояла пойти опять в полк и летать. Должна отомстить за погибших девушек, чувство долга перед погибшими девушками заставляло меня летать. Из кабины я не вылезала, делалась 5-6 вылетов, не выходя из самолета потому что больно ногам, в кабину подсаживали. После катастрофы я сделала еще 100 вылетов» (Женщины Казахстана и Великая Отечественная война: 1941-1945. Караг., 2020. 182-183.ст.).

Кавказ, Қырым майдандарындағы шайқас барысында, қыз-келіншектерден жасақталған авиаполк үкіметтің жоғарғы марапаттарына ие болды. Алдымен оған «гвардиялық» деген атақ берілді, сосын «Тамань», артынан оның туына «Қызыл Ту», Суворов ордендері қадалды. Немістер бұл авиаполкқа «Түнгі мыстандар» деген ат берді. Соғыстағы ерліктері үшін Хиуаз «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды. Соғыстан екінші топтағы мүгедек болып оралған Хиуаз мединститутқа қайтып келіп, оқуын жалғастырмақ болады. Бірақ, тағдыр оған басқа жолды жазыпты. Майданнан қайтқан қаһарман қызбен әңгімелесіп отырып, оның бойындағы қажыр-қайрат пен ақыл-парасатын байқап қалған сол кездегі Орал

обкомының бірінші хатшысы Мінайдар Салин оны қоғамдық қызметке шақырады. Сөйтіп, өзі туған облыста нұсқаушы болып жүрген Хиуазды обком келесі жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебіне оқуға жібереді. Аталмыш оқу орнын үздік бітірген ұшқыш қызды үкімет Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындайды. 1951 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңес Төралқасының хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің 2-хатшысы қызметтерінде болды. «Халқым үшін» (1963), «Под командованием Расковой» (1965), т.б. кітаптары жарық көрген. (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. А., 2006. 207-б.). Қазақстандықтар өз Отанының қаһармандық жолын заңды мақтаныш етеді. Өткен сұрапыл соғыс жылдарында Қазақстан еңбекшілері жеңіске зор үлес қосты. «Правда» газетінің 1943 жыл 6 ақпанындағы «Даңқты қазақ халқы Кеңестік Отан үшін күресте» деген бас мақаласында: «Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы ұрысады; тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай еңбек істейді. Қазақстан өз жерінің барлық асыл кендерімен майданға қуатты тірек болып отыр. Қазақстан кеңес адамдарына жақын және қымбатты. Бізде қазақтардың тұрашыл, ашық, ерлік жүрегі, кішіпейілдігін, адалдығын жақсы көреді» деп көрсетті. (М.Қозыбаев. Ақтаңдақтар ақиқаты. А., 1992. 144-б.).

Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлік қатарында қызмет етіп жүрген жас ұрпақтың азаматтық арына медет болып, асыл арманына қанат бітіреді. Міне, азамат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың болғанын жастар кинодан ғана көрді, тарих беттерін оқып біледі, біз бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз. Бірақ Ұлы Жеңіске қалай қол жеткізгеніміз, сұрапыл соғыста адамзат тарихында ұмытылмастай із қалдырғанын Отан үшін отқа түскен аға ұрпақты біз кейінгі жас ұрпақ Ешқашан да ұмытпаймыз! «Ер есімі – ел есінде» демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған ата, апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Елді қорғаған аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деген қанатты да қайсар сөзі әр азаматтың жадында жатталған. Бұл соғыс кезінде қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында дүние салды. Отан үшін, бейбітшілік үшін жанын қиғандарға мың тағзым! Осындай ерліктерімен Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаевтың тұлғасы неге тұрарлық!? Нәзік жаратылысына қарамастан «Максим» пулеметін ұршықша иіріп, қайталанбас ерлік көрсеткен Мәншүк Мәметова, құралайды көзге атқан мергендігімен талай фашисті жааннамға жөнелткен Әлия Молдағұлова, ұшақты ойыншық құрлы көрмеген, зымиян жауды әуеден қырып ерлеген Хиуаз Доспанова, бір өзі жаудың екі танкісін қиратқан батальон комсоргі, гвардия лейтенанты Алтыншаш Нұрғожина – қазақ қызы қайсарлығының бойтұмары емес пе!? Осы айтылған жауынгерлерімізді Отан үшін отқа түскен батырларымыздың ерен ерлігін еш уақытта да ұмытпаймыз. «Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмыт қалған жоқ». Осынау бір қанатты сөз Жеңіс күнін мерекелеу кезінде де жиі айтылады, соғыстан қаза тапқандар ескерткішіне де қашалып жазылған.

Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Өскелең ұрпақтың бойында қайсарлық, Отанға деген сүйіспеншілік, елді, жерді қастерлеу қасиеттерін қалыптасуы тиіс! Келешек еліміздің дархан даласы кең аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,  
тарихшы.

## ЖАҢА САУДА НҮКТЕЛЕРІ АШЫЛДЫ

Желтоқсан айының алғашқы күндерінде екі ірі «Светофор» және «Доброцен» сауда орындары Тайынша қаласының тұрғындарына бір мезгілде есігін айқара ашты. Осындай ірі гипермаркеттердің ашылуы саудадағы жаңа форматтар мен отандастарымыз үшін тартымды бағаларды қамтамасыз ететін болады. Айта кетерлігі, алғашқы күнгі есеп бойынша сауда нүктелерінде 22 жаңа жұмыс орны пайда болып, сонша адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Сауда нысандарының ашылуына Тайынша қаласының әкімі Валерий Шпаковский, «Аманат» партиясының жауапты хатшысы Мереке Хамзин және басқа да бөлім басшылары қатысты. Жаңа жыл қарсаңында қалада азық-түлік бағасының негізсіз қымбаттап кететіні белгілі. Сондықтан әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын ұстап тұру үшін Тайынша қаласының әкімдігі мен Кәсіпкерлік бөлім белсенді жұмыс жүргізуде. Қалада жергілікті халық көптеп баратын арнайы әлеуметтік сауда нүктелері ашылуы, әкімшіліктің кәсіпкерлермен ұзақ мерзімді жұмыстарының қорытындысы.

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ТӨМЕН БАҒАЛАР ДҮКЕНІ

 **СВЕТОФОР**

МАГАЗИН НИЗКИХ ЦЕН



## Құттықтаймыз!



*Біздің әкеміз бен анамыз өте тамаша жандар. Өйткені әкем асқар тауымыз, алынбас берік қамалымыз, қорғанымыз. Ал, анамыз балаларын қолдаушы, ардақтымыз, ақылшы – сырласымыз. Алыста жүрсек те оларды ойлап, аман-есен жүрсе екен деп тілейміз. Әрбір ата-ана ұл-қыздарының жақсылықтарын көрсем екен деп, қайда жүрсе де амандығын тілеп отырады. Біздің ата-анамыз да бізбен, немерелерімен үнемі байланыста болып, бізден бұрын хабарласып жатады.*

Жалпы біздің отбасында желтоқсанның 11 жұлдызы отбасылық мереке күні. Әкеміз Аманкелді Қабдоллаұлы биыл 75 жасқа толады. Біз балалары әкемізге берген тәрбиесі мен ақыл – кеңесі үшін алғысымыз шексіз! Анамыз Гүлбану Халыққызы екеуі бізге өмір сыйлады. Өмірдің ақ-қарасын ажырата біл және қандай қиындық болса да сабырлы болыңдар деген ұлағатты сөздері біздің әркезде де жанымызда. Ата-ана берген тәрбиені жүз мектеп бере алмас... Бұйыртыса, біздің талай жақсылықтарымызға, жақсы жетістікке жеткенімізге қуанатын болыңыздар! Әке! Сіз біздің қуанышымыз, тірегімізсіз, ал анамыз біздің панамыз, аяулымыз. Әке, сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз! Анамыздың жан серігі, біздің арқа сүйер тірегіміз болып, немере-шөберенің қызығына бөлене беріңіз!

*Әке, сіз ұйытқысы шаңырақтың,  
Жеткізіп ұл-қызыңды мәпеледің.  
Шаттықтың шалқар әні шалқи берсін,  
Сөнбесін отбасында шамы Бақтың!  
Бақыт құсы айналып күнде қонсын,  
Құшақтарыңыз арқашан гүлге толсын.  
Туған күн деп Сіздерге тілек арнап,  
Туыс-туған, дос-жаран бірге болсын!  
Асқар таудай әкем –*

*Бақытымсың, бағымсың,  
Өмірдегі, тәрімдегі тағымсың!  
Құтты болсын 75 жасың, жан әке,  
Сағынышым, қуанышым, асқар шың.  
Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,  
Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді.  
Денсаулығың мықты болсын, жан әке,  
Құттықтайды ұл-қыздарың өзіңді.  
Өмір-өзен жақсылығын жалғасын,  
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын,  
Отбасымызбен мақтанамыз қашанда,  
Арамызда Сіздей Әке болғанын.*

**Ақ тілекпен: Ұл-қыздарың, күйеу балаларың мен келіңіз және немере-жиендеріңіз.**

## АЛҒАШҚЫ КӨМЕК – АДАМ ӨМІРІН САҚТАЙДЫ



Алғашқы көмек – ол адамның өмірін құтқаруға бағытталған жедел шаралар кешені. Жазатайым жағдай, сырқаттың кенеттен қысуы, улану – осы және басқа төтенше жағдайларда білімді алғашқы көмек қажет. Заң бойынша, алғашқы көмек медициналық болып саналмайды – ол дәрігерлер келгенше көрсетіледі немесе зардап шегуші госпиталда нады. Алғашқы көмекті сол сәтте зардап шегушінің қасында болған кез келген адам көрсете алады. Бірақ азаматтардың кейбір санаты үшін алғашқы көмек көрсету – қызметтік міндеті. Бұл жерде сөз полиция қызметкерлері, әскери қызметшілер, құтқарушылар, өрт сөндірушілер, және, әрине, медицина қызметкерлері туралы. Алғашқы көмек көрсете білу – қарапайым, бірақ әрбір адам білуі тиісті өте маңызды дағды. Шұғыл жағдайда ол біреудің өмірін құтқара алады. Сіздердің назарларыңызға алғашқы көмек көрсету қағидаларын ұсынамыз:

### АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ АЛГОРИТМІ

Абдырап қалмай, алғашқы көмекті дұрыс көрсету үшін мына әрекеттер тізбегін сақтау маңызды: Өзінің, зардап шегушінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (мысалы, зардап шегуші адамды жанып жатқан автокөліктен шығару). Зардап шегушінің өмір белгілерін (пульс, тыныс алуы, қарашығының жарыққа реакциясы) және есін білуін тексеру. Тыныс алуын тексеру үшін зардап шегушінің басын шалқайтып, оның ауызы мен мұрынына қарай еңкейіп, тыныс алуын естуге немесе сезінуге тырысу керек; пульсті «тыңдау» үшін зардап шегушінің күре тамырына саусағыңыздың басын қою қажет; есін бағалау үшін зардап шегушіні иығынан ұстап, ақырын қозғап, қандай-да бір сұрақ қою қажет (мүмкіндігіне қарай). Оқиға орнына мамандарды шақыру Шұғыл алғашқы жәрдемді көрсету.

**ЖАСАНДЫ ТЫНЫС АЛУ:** Өкпені жасанды желдендіру (ӨЖЖ) – адамның өкпесінің табиғи желдетілуін қалпына келтіру үшін, оның тыныс жолдарына ауаны (немесе оттегіні) жіберу. Бұл әрекет қарапайым реанимациялық шара болып есептеледі.

Қазіргі кезде медицинада ӨЖЖ-нің әртүрлі тәсілдері бар. Маман емес адамның алғашқы көмек көрсетуі кезінде ең тиімдісі «ауыздан-ауызға» және «ауыздан-мұрынға» жасанды тыныс беру тәсілі.

Егер зардап шегушіні қараған кезде табиғи тыныс алуы сезілмесе, дереу өкпені жасанды желдендіру өткізілуі керек. «Ауыздан-ауызға» жасанды тыныс беру:

Үстіңгі тыныс жолдарының өтімділігін қамтамасыз етіңіз. Зардап шегуші адамның басын жанына қарай бұрып, ауыз қуысын шырыштан, қаннан және басқа бөгде заттардан саусағыңызбен еппен тазалаңыз. Зардап шегушінің мұрын қуысын тексеріңіз; қажет болғанда тазалаңыз. Зардап шегушінің мойынын бір қолмен де-

меп, басын шалқайтыңыз.

- **Омыртқаға зақым келген болса, зардап шегушінің басының жатқан қалпын өзгерпеңіз!**

3. Зардап шегушінің мұрынын басбармақ және сұқ саусақпен қысыңыз. Терең демалыңыз, зардап шегушінің аузына ерінмен тығыз қысыңыз. Зардап шегушінің өкпесіне дем жіберіңіз.

- **Алғашқы 5-10 дем шығару тез болуы керек (20-30 секундта), содан кейін 12-15 дем шығару бір минут ішінде.**

4. Зардап шегушінің кеудесінің қозғалысын мұқият бақылаңыз. Егер оның кеудесі ауаны жібергенде көтерілсе, онда Сіз бәрін дұрыс жасап жатырсыз.

### ЖҮРЕККЕ ЖАНАМА МАССАЖ ЖАСАУ

Егер тыныс алуымен бірге адамның пульсі де жоқ болса, онда жүрекке жанама массаж жасау қажет.

Жанама немесе, мамандардың айтуынша жүректің жабық массажы немесе көкірек қуысының компрессиясы – адамның жүрегі тоқтап қалған кезде қан айналымын демеуге арналған, кеуде мен омыртқа арасында жүрек бұлшықетінің қысылуы. Бұл әрекет қарапайым реанимациялық шараға жатады.

**Назар аударыңыз! Жүректің жабық массажын адамның пульсі болған кезде жасауға тыйым салынады.**

**Жүрекке жанама массаж жасау техникасы:**

1. Зардап шегушіні тегіс қатты жерге жатқызыңыз. Төсекте және басқа жұмсақ жерде көкірек қуысының компрессиясын жасауға болмайды.

2. Зардап шегушінің семсер тәрізді шеміршегінің орналасуын анықтаңыз. Семсер тәрізді шеміршек – көкіректің ең қысқа және тар, төменгі бөлігі.

3. Семсер тәрізді шеміршектің жоғарысынан 2-3 сантиметр өлшеп алыңыз – бұл компрессияның нүктесі.

4. Алақанның негізін компрессияның нүктесіне қойыңыз. Әрі реанимация жасайтын адамның қалай тұрғанына байланысты, бас бармақ зардап шегушінің иегінен немесе ішін көрсетіп тұруы керек. Бір қолдың үстіне екінші алақанды қойыңыз. Тек алақанның негізімен ғана басуды жүргізеді – Сіздің саусақтарыңыз зардап шегушінің төсіне тимеуі керек.

5. Төс сүйегін қаттырақ, жайлап, тек тіктеп, өзіңіздің салмағыңызбен ырғақпен басасыз. Жиілігі минутына 100-110 басу. Әрі төс қуысы 3-4 сантиметрге иілуі керек.

Жас нәрестелерге жүректің жанама массажы бір қолдың сұқ саусағы және орта саусағымен жүргізіледі. Жасөспірімдерге – бір қолдың алақанымен. Егер жүрекке жасанды массажбен бір мезгілде ӨЖЖ жүргізілетін болса, онда кеудеге 15 басу екі тыныс алумен кезектесуі керек.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 400. Таралымы: 1300.

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.